Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 662 (043)

Қолжазба құқығында

КӨРКЕМБАЙ ЖӘНІБЕК

Аммоний перхлоратының жануын Ti_3C_2 (MXene) қосып үдету

8D07103 - Жарылғыш заттар мен пиротехникалық құралдардың химиялық технологиясы

Философия докторы (PhD) дәрежесін
алу үшін диссертация

Ғылыми кеңесшілер
Мансуров З.А.
х.ғ.д., профессор

Быков В. (Bykov V.)
PhD

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	
	БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	
	КІРІСПЕ	7
1	ӘДЕБИ ШОЛУ	12
1.1	АП термиялық ыдырауы бойынша зерттеулердің қазіргі жағдайы	12
1.1.1	Аммоний перхлораты (NH_4ClO_4): құрылымы, қасиеттері және термиялық тұрақтылығы	12
1.1.2	АП - ның термиялық ыдырау механизімі	14
1.1.3	АП - ның ыдырауын катализдеу	17
1.1.4	АП - ның қатты зымыран отынындағы маңызы	18
1.2	MAX фазалар	20
1.3.	MXene туралы қысқаша түсінік	21
1.3.1	Максеннің құрылымдық қасиеттері	23
1.3.2	MXene синтезі	25
1.3.3	MXene қасиеттері бойынша қолданылу аясы	27
1.4.	Катализаторлар туралы қысқаша түсінік.	29
1.5.	MXene материалдарының каталитикалық қасиеттері	32
1.6.	Ti_3C_2 (Mxene) сипаттамаларын талдау әдістері	33
1.7	Қатты отынды зымыран	34
1.7.1	АП-ның композиттік отыны (АПКО)	36
1.7.2	АП-ның халықаралық ғарыш бағдарламаларындағы қолданылуы	41
1.8	Зерттеу міндеттері	43
2	ЭКСПЕРИМЕНТТІК БӨЛІМ	44
2.1	Пайдаланылған реактивтер мен құрал-жабдықтар	44
2.2	Ti_3AlC_2 (MAX) - тың фторсутек қышқылымен (HF, 40%) әрекеттестіре отырып Ti_3C_2 (MXene) алу	45
2.3	Ti_3C_2(MXene)/АП композитін дайындау	51
2.4	АП негізінде дайындалған қатты отынның жану жылдамдығын анықтау	54
2.4.1	Ti_3C_2 (MXene)-нің әр түрлі массалық үлесінде композиттік отынды дайындау	54
2.4.2	Жоғары қысымды қондырғыда АП негізіндегі қатты отынды жағу	58
2.5.	Үлгілерді талдау әдістері	61
2.5.1.	СЭМ және ЭДРС талдау әдістері	61
2.5.2.	Дифференциалды термиялық талдау (ДТА) және термогравиметриялық талдау (ТГ)	63
2.5.3.	Рентгендік фазалық талдау (РФТ)	66
2.6	АП және Ti_3C_2 (MXene)/АП қоспасының термиялық ыдырау кинетикасын зерттеу	69
3	ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ТАЛДАУ	74

3.1 Ti_3AlC_2 және Ti_3C_2 (MXene) материалдарының морфологиялық және элементтік талдауы (СЭМ және ЭДРС әдістері негізінде) 74
3.2 Ti_3C_2 (MXene)/АП композитін термогравиметриялық талдау 77
3.3. АП негізіндегі қатты отынның жану кинетикасы 87
3.4 АП негізіндегі қатты зымыран отынының каталитикалық жану механизмі 90
ҚОРЫТЫНДЫ 98
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 99

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Ұсынылып отырылған диссертациялық жұмыста стандарттқа сәйкес келесі сілтемелер қолданылған:

1. МемСТ 7.32–2001 Ғылыми зерттеу жұмысының есебі. Рәсімдеудің
2. құрылымы мен ережелері.
3. МемСТ 7.1–2003 Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар мен құрастыруережелері.
4. МемСТ 8.417–81 Өлшемдердің бірлігін қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйе. Физикалық өлшемдердіңбірліктері.
5. МемСТ 8.315–97 Өлшемдердің бірлігін қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйе. Заттар мен материалдардыңқұрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілері. Негізгі ережелер.
6. МемСТ 8.563–2009 Өлшемдердің бірлігін қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйе. Өлшеу әдістемелері.
7. МемСТ 29252–91 Зертханалық шыны ыдыс және жабдықтар. Бюреткалар. Жалпы талаптар.
8. МемСТ 12.1.008–77 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Жалпы
9. талаптар. Техникалық шарттар.

АНЫҚТАМАЛАР

Ti_3C_2(MXene) – екі өлшемді материалдар класына жататын, MAX фазаларын селективті өңдеу нәтижесінде алынатын, қабатты құрылымды өткізгіш қосылыс. MXene негізінен жоғары өткізгіштікке ие көміртекті қабаттардан тұрады және олардың бетінде оттегі, гидроксил, фтор сияқты функционалды топтар орналасады. Ti_3C_2 құрамына титан мен көміртек атомдары кіреді, ал оның беткі қабатындағы функционалды топтар материалдың химиялық тұрақтылығын, гидрофильділігін және электрохимиялық қасиеттерін анықтайды. MXene материалдары энергия сақтау құрылғыларында (суперконденсаторлар, батареялар), сенсорларда, каталитикалық процестерде және биомедициналық қолданбаларда кеңінен зерттелуде.

Аммоний перхлораты (NH_4ClO_4) – бейорганикалық қосылыс, күшті тотықтырғыш қасиетке ие ақ түсті кристалды зат, ол аммоний тұздарының бірі болып табылады және перхлор қышқылының аммониймен әрекеттесуінен түзіледі, сондай-ақ қатты зымыран отындарында негізгі тотықтырғыш ретінде кеңінен қолданылады, себебі оның термиялық ыдырауы кезінде бөлінетін оттегі жану процесін қарқынды жүргізіп, жоғары энергия бөлуге мүмкіндік береді, сондықтан ол ғарыштық техникада, әскери мақсаттағы қатты отындарда және пиротехникалық қоспаларда ерекше маңызға ие.

Композитты отын – әртүрлі органикалық және бейорганикалық компоненттердің қоспасынан дайындалатын, жоғары энергия сыйымдылығына ие жасанды отын түрі. Ол негізінен қатты отындар класына жатады және құрамында жанғыш байланыстырғыш (көбіне полимерлер), тотықтырғыш (аммоний перхлораты, нитраттар), сондай-ақ жануды күшейтетін металл ұнтақтары (алюминий, магний және т.б.) болады.

Киссинджер графиктік әдісі – термиялық талдау деректерін пайдаланып реакцияның активтену энергиясын анықтауға арналған әдіс. Бұл тәсіл әртүрлі қыздыру жылдамдықтарында алынған деректерді графикке түсіру арқылы жүзеге асады және алынған сызықтық тәуелділіктің еңістігі бойынша активтену энергиясы есептеледі. Киссинджер графиктік әдісі қарапайымдылығы мен сенімділігі арқасында полимерлерді, катализдік жүйелерді және жаңа энергетикалық материалдарды зерттеуде маңызды құрал болып табылады.

Катализдеу – (грекше *katalysis* – «бұзу, ыдырату») химиялық реакцияның жылдамдығын катализатордың әсерінен өзгерту процесі. Бұл белгілі бір затты, яғни катализаторды реакцияға қосу арқылы химиялық реакцияның жылдамдығын арттыру немесе баяулату құбылысы болып табылады. Катализатор реакцияға қатысады, бірақ өзі көп мөлшерде жұмсалмайды және реакция соңында бастапқы қалпын сақтап қалады.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АП	Аммоний перхлораты
ЖЖК	Жану жылдамдығының катализаторлары
ПУ	Полиуритан
АПКО	Аммоний перхлоратының композиттік отыны
АНКО	Аммоний нитратының композиттік отыны
LTD	Төмен температуралы ыдырау
HTD	Жоғары температуралы ыдырау шыңы
СЭМ	Сканерлеуші электрондық микроскоп
ЭДРС	энергиялық-дисперсиялық рентген спектроскопиясы
ДТА	Дифференциалды термиялық талдау
РФТ	Рентгендік фазалық талдау
ТГ(ТГТ)	Термогравиметриялық талдау
ҚОҚ	Қатты отынды қозғалтқыштар
БХТ	Будан химиялық тұндыру
ҚЗК	Қатты зымыран күшейткіші
мм	Миллиметр
мкм, μм	Микрометр
мл	Миллилитр
г	Грамм
л	Литр
нм	Нанометр

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі: Ti_3C_2(MXene) - нің ерекше каталитикалық қасиеттерін ескере отырып, оларды АП негізіндегі қатты зымыран отындары үшін тиімді катализатор ретінде қолдану мүмкіндігін анықтауға бағытталған. Бұл зерттеулер АП негізіндегі қатты отынның жану процесін оңтайландыруға, температураны арттыруға және жану өнімдерінің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Қатты отындардың ғарыштық тасымалдаудағы стратегиялық маңызы зор, сондықтан олардың тиімділігін арттыру, жаңа композицияларын әзірлеу және технологияларды жетілдіру аса өзекті. Қолданыстағы катализаторлардың белсенділігін күшейту жану кезінде тиімсіз жану жағдайларын азайтады. Осы тұрғыдан ерекше құрылымға ие екі өлшемді Ti_3C_2 (MXene) материалдарының каталитикалық қасиеттері ғылыми қауымдастықта үлкен қызығушылық тудырады. Ti_3C_2(MXene) - нің жоғары белсенділігі оларды дәстүрлі металл оксидтерін алмастыратын перспективалы катализатор ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. АП өздігінен жанатын тотықтырғыш: ыдырау кезінде аммиак пен тұз қышқылы бөлініп, газ фазасында шамамен 1400 К температура ұсталады. Сонымен қатар, АП қысым жағдайында төмен температурада ерекше ыдырау механизміне ие, ал жануда конденсацияланған фазалық реакциялар маңызды рөл атқарады. Осы қасиеттер жиынтығы АП-ны ғарыштық қозғалтқыштарда қолданылатын композитті қатты отындардың негізгі бөлігіне айналдырды. Алайда, олардың жану тиімділігін арттыру әлі де көптеген зерттеулерді қажет етеді. Қазіргі жоғары энергиялы қозғалтқыштарда қолданылатын отындар негізінен тотықтырғыштардан (65–70%), металл отындарынан (10–20%), байланыстырғыштардан (8–15%) және катализаторлардан (2–5%) тұрады. Тотықтырғыш ретінде көбінесе АП, ал металл отыны ретінде алюминий қолданылады. Ti_3C_2(MXene) катализаторы жануды жылдамдатып, температураның бөлінуін күшейтіп, қуатты әрі тиімді қозғалтқыштар жасауға серпін береді.

Жұмыстың мақсаты. титан карбиді (Ti_3C_2 (MXene)) катализаторының әсерін пайдалана отырып, аммоний перхлораты негізінде қатты зымыран отындарының жану процесін оңтайландыру, яғни жану жылдамдығын арттыру, жылу бөліну тиімділігін жоғарылату және реакция өнімдерінің түзілу сипатын бақылау арқылы отын жүйесінің энергетикалық және эксплуатациялық сипаттамаларын жақсарту.

Зерттеу міндеттері. Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер шешілді:

- Катализатор ретінде пайдаланылған титан карбидтерінің Ti_3C_2(MXene) элементтік құрамы мен құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау.
- АП термиялық ыдырауына әсер ететін титан карбидінің Ti_3C_2(MXene) ең тиімді массалық үлесін анықтайтын құрамдарды әзірлеу, және олардың термиялық ыдырауының ДТА, ТГ талдауларын жасау.
- Анықталған титан карбидінің Ti_3C_2(MXene) массалық үлесі бойынша аммони перхлораты негізіндегі қатты зымыран отынының құрамын жасақтау.

- Жоғары қысымды құрылғыда композиттік қатты отынның жану үрдісін бақылау, тіркелген мәліметтер бойынша талдау жасау.

Зерттеу әдістері. Диссертация тақырыбы бойынша зерттеулер жүргізу үшін келесі заманауи талдау әдістері пайдаланылды:

- ТГ-ДТА термиялық талдау; аммоний перхлораты мен оның композиттік жүйелерінің термиялық тұрақтылығы мен фазалық ауысу температураларын бағалау үшін қолданылды.

- Рентген фазалы анализ (РФА); жанудан кейін түзілген қатты өнімдердің химиялық құрамын анықтау мақсатында жүргізілді.

- СЭМ (сканерлейтін электронды микроскопия); катализатор (Ti_3C_2(MXene)) бөлшектерінің морфологиясын, беткі құрылымын және агломерация дәрежесін зерттеу үшін пайдаланылды.

- Жану жылдамдығын қысымға байланысты бағалау; әртүрлі қысымда қатты отын үлгілерінің жану динамикасын салыстырмалы түрде зерттеу үшін жүргізілді.

- Киссенжер теңдеуін қолдану арқылы реакцияның кинетикалық параметрлері (Ea және A) есептелді; әртүрлі қыздыру жылдамдықтарында алынған ДТА нәтижелері негізінде активтену энергиясы сандық тұрғыдан бағаланды.

Зерттеу нысандары. Осы зерттеуде негізгі нысандар ретінде катализатор титан карбиді Ti_3C_2(MXene), тотықтырғыш аммоний перхлораты. аммоний перхлораты негізіндегі композиттік қатты зымыран отыны.

Зерттеу пәні. титан карбиды Ti_3C_2(MXene) катализаторын алу жане олармен аммоний перхлораты негізіндегі композиттік қоспаны катализдеу процестері.

Диссертацияны қорғаудың негізгі қағидаттары:

1. Фторсутек қышқылының қатысында Ti_3AlC_2 (MAX) фазасының құрамындағы алюминийді химиялық өңдеу арқылы AlF_3 қосылысы түрінде бөліп шығаруға болады. Бұл процесс нәтижесінде титан карбидінің Ti_3C_2 (MXene) құрылымы қабатты түрде ашылып, көпқабатты наножапырақшалар түзіледі. Осындай наножапырақшалы морфология материалдың беткі ауданын айтарлықтай ұлғайтады және белсенді орталықтардың санын көбейтеді.

2. Титан карбидының Ti_3C_2(MXene) массалық үлесі 1%, 2%, 5% және 10% болатын Ti_3C_2(MXene)/аммоний перхлораты (АП) композитті үлгілері дайындалды. Дифференциалды термиялық талдау (ДТА) және термогравиметриялық талдау (ТГ) нәтижелері бойынша, термиялық ыдырауды оңтайландыратын Ti_3C_2(MXene)-нің тиімді массалық үлесі 2% екені анықталды. Ал жоғары үлестерде (5–10%) бөлшектердің агломерациясы, яғни олардың топтасып қалуы мен жылу тасымалының теңсіздігі салдарынан катализдік тиімділік төмендейді.

3. Таза аммоний перхлораты және 2% Ti_3C_2(MXene)/АП композитінің 5°C/мин, 10°C/мин, 20°C/мин және 30°C/мин қыздыру жылдамдықтарындағы дифференциалды термиялық талдау (ДТА)

қисықтарының шың мәндерін пайдалана отырып, Киссинджер графиктік әдісімен активтену энергиясы есептелді. Нәтижесінде жоғары температуралы ыдырау сатысында (HTD) активтену энергиясы 75 кДж·моль$^{-1}$-ге төмендейтіні анықталды. Бұл катализдік тұрғыдан алғанда, Ti_3C_2(MXene) наножапырақшаларының кеңейтілген беткі қабаты реакцияға қатысатын молекулалардың адсорбциясын жеңілдетіп, электрондардың тасымалдануын жылдамдататынын көрсетеді.

4. 0%, 2%, 3% және 5% титан карбиды Ti_3C_2(MXene) қосылған аммоний перхлораты негізіндегі қатты отынды жоғары қысымды камерада жандырған кезде, 2% Ti_3C_2(MXene) қосылған қоспаның жану жылдамдығы мен тіркелген температурасы басқа құрамдарға қарағанда жоғары болғаны байқалды. Бұл құбылысты Ti_3C_2(MXene)-нің жоғары температуралық аумақта экзотермиялық процеске қатысып, бастапқы құрылымын сақтай отырып каталитикалық белсенді TiO_2, TiC және TiN қосылыстарын түзуімен түсіндіруге болады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Синтезделген Ti_3C_2 (MXene) көпқабатты наножапырақшалы үлкен меншікті бет ауданы мен белсенді орталықтарға ие, бұл қасиеттері оны катализатор ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.
- Аммоний перхлоратының термиялық ыдырау процесінде, Ti_3C_2 (MXene) -нің 2% массалық үлесі ең жоғары каталитикалық белсенділік көрсететіні анықталды.
- Аммоний перхлораты негізіндегі қатты зымыран отынының жануында Ti_3C_2 (MXene) жоғары температуралы аймақта Аммоний перхлоратының термиялық ыдырау өнімдерімен әрекеттесіп, каталитикалық белсенді TiO_2, TiC, TiN қосылыстарын түзеді.
- Ti_3C_2 (MXene) - нің термиялық ыдырау және жану кезеңдеріндегі каталитикалық белсенділігі нәтижесінде Аммоний перхлораты негізіндегі қатты зымыран отынының жану жылдамдығы артып, жоғары температуралық өсім тіркелді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы. Бұл зерттеу жұмысы АП негізіндегі композиттік қатты зымыран отынының термохимиялық және кинетикалық ерекшеліктерінің Ti_3C_2(MXene) катализаторымен модификациялау арқылы жану процесінің тиімділігін арттыру мәселесін қозғайды. Зерттеу нәтижелері қатты отынды жүйелердің жану механизмін тереңірек түсінуге, протон тасымалдау мен тотығу-тотықсыздану процестерін молекулалық деңгейде сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл теориялық негіздер қазіргі заманғы катализдік жүйелерді жобалау мен оңтайландыруға үлес қосады. Практикалық тұрғыдан, алынған мәліметтер зымыран және энергетикалық құрылғыларда қолданылатын қатты отындардың тиімділігін жоғарылатуға, жану жылдамдығы мен жылу шығымын басқару жолдарын жетілдіруге мүмкіндік береді. Аталған нәтижелер зымыран отынын жобалау, өндіріс және қауіпсіз пайдалану кезінде маңызды техникалық шешімдер қабылдауға септігін тигізеді.

Докторанттың жеке үлесі. Докторант зерттеу барысында өз бетімен әдеби дереккөздерді іздестіріп, отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді салыстырмалы талдаудан өткізді. Қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес тәжірибелік әдістемені таңдады, зерттеу нысандарын синтездеп, үлгілер дайындап, олардың термиялық, құрылымдық және каталитикалық қасиеттерін тәжірибелік түрде анықтады. Сонымен қатар, алынған нәтижелерге термохимиялық, кинетикалық және құрылымдық тұрғыдан теориялық талдау жасап, оларды ғылыми негізде жүйелеп, диссертациялық жұмыс құрылымына сәйкестендіріп жазды. Докторанттың жұмысы зерттеудің барлық кезеңдерін қамти отырып, оның жеке ғылыми ізденісінің нәтижесі ретінде қалыптасты.

Жарияланымдар. Диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша барлығы 6 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде 2 мақала - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, 2 мақала - Scopus және Web of Science халықаралық деректер базасына енген журналдарда, ал қалған 2 мақала - халықаралық және республикалық ғылыми конференция материалдарында жарық көрді.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеті (БжҒСҚК) ұсынған ғылыми басылымда

1. Коркембай Ж., Тоштай К., Алипбаев, А., Атаманов М., & Мальчик, Ф. (2023). Влияние добавок Ti_3C_2(MXene) на разложение перхлората аммония . *Горение и плазмохимия*, *21*(4), 257–263. https://doi.org/10.18321/cpc21(4)257-263
2. Ж. Коркембай*, А.Н. Алипбаев, З.А. Мансуров. Процесс сгорания в присутствии твердотопливного катализатора Ti_3C_2(MXene) на основеперхлората аммония. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Vol. 149 No. 4 (2024) 67-78. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-6771-2024-149-4-67-78

Scopus және Web of science базаларына кіретін нөльдік емес импакт–факторы бар басылымдар

1. Korkembay, Z., Auyelkhankyzy, M., Atamanov, M., Mansurov, Z., & Bykov, V. (2025). Mechanism of Catalytic Thermal Decomposition of Ammonium Perchlorate in the Presence of Ti_3C_2. Eurasian Chemico-Technological Journal, 27(3), 173–179. https://doi.org/10.18321/ectj1664
2. Zh. Korkembay, K. Toshtay, M. Atamanov, F. Malchik, R. Amrousse, Y. Merkibayev, A. Z. Mansurov. Determination of the Catalytic Activity of the MXene in the Combustion of Amonium Perchlotrate //Journal of Engineering Physics and Thermophysics. Vol. 97, P. 985–992, (2024). doi:10.1007/s10891-024-02968-1

Халықаралық және отандық конференциялардағы жарияланымдар.

1. Zh. Korkembay, F. Malchik, Z. A. Mansurov, V. V. Bykov. (2024) The catalytic effect of Ti_3C_2(MXene) on the thermal decomposition of ammonium perchlorate. “Combustion and plasma chemistry. Physics and chemistry of carbon and nano energetic materials” dedicated to the 95th anniversary of the birth of Professor G.I. Ksandopulo and to the memory of Academician of the Russian Academy of Science Professor Z.R. Ismagilov, pages 182–184

2. Zh. Korkembay, M. Atamanov, S. Tursynbek, Z.A. Mansurov. (2025) Combustion process in the presence of Ti_3C_2(MXene) as a solid fuel catalyst based on ammonium perchlorate (AP). Proceedings of the IX International Student Scientific and Practical Conference on «Chemical physics and nanomaterials», dedicated to the memory of three-time Hero of Socialist Labour, Corresponding Member K.I. Shchelkin. P.133–135.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыс 110 (қосымшаны қоспағанда) бетте орындалды және 19 сурет пен 12 кестеден тұрады. Жұмыс кіріспеден, әдебиеттерге шолудан, эксперимент әдістемесінен, нәтижелер мен талқылаулардан, қорытындыдан және 146 атауды қамтитын пайдаланылған дереккөздердің тізімінен тұрады.

1. ӘДЕБИЕТТЕРДІ ШОЛУ

1.1. АП термиялық ыдырауы бойынша зерттеулердің қазіргі жағдайы

Металл катиондары бар бейорганикалық перхлораттардың жылулық ыдырауы жөнінде өте аз зерттеулер жүргізілген, ал олардың кинетикасы жөнінде мүлде деректер жоқ. Жуырда Мартин мен Вулавер (1945) кейбір перхлораттар, калий, натрий және литий перхлораттары қыздырылған кезде хлорид пен оттегін түзетінін көрсетті. Ал магний, кальций, үш валентті темір және алюминий перхлораттары қыздырылғанда, сәйкесінше, оксид немесе гидроксид, перхлор қышқылы және су түзеді.

Аммоний перхлоратының ыдырауы бұрын Наум мен Ауфшлагер (1924) тарапынан зерттелген. Олар жарылыс өнімдері Cl_2, N_2, O_2, H_2O және HCl екенін, ал баяу ыдырау кезінде қызған қызыл температурада хлордың оксидтері де түзілетінін атап өтті. Кейінірек Дод (1935, 1938) жылулық ыдырау өнімдерінің табиғатын қайта зерттеген. Оның жұмысы негізінен сапалық сипатта болды: өнімдерді әртүрлі температура аралығында талдау және температураның аммиактың тотығу өнімдеріне әсері туралы пікірталас жүргізілді[1].


Додтың зерттеуінде аммоний перхлораты 110 °C температурада тұрақты күйінде қалатыны көрсетілген. Бірақ 130 °C-та, вакуум жағдайында, зат сублимацияланып, жылдам термиялық ыдырауға ұшырай бастайды. Осы сәттен бастап байқалған масса жоғалту — сублимация мен ыдыраудың біріктірілген әсері. Қазіргі зерттеу нәтижелері бойынша 200 °C-қа дейін бұл екі процесс елеусіз. Дод ыдыраудан туындаған масса жоғалтуды әртүрлі температурада 1 сағат бойы өлшеп, график құрған. Графикте шамамен 230 °C маңында қалыптан тыс ауытқу байқалып, ол 240 °C-та жүретін кристалдық фазалық өзгеріспен байланысты деп сипатталған. Бұл тұжырым қазіргі зерттеуде расталып, түрлену дәл 240 °C-та жүретіні анықталды.

Температура артқан сайын Доде сублимация процесі біртіндеп тежеліп, ыдырау басым бола бастағанын байқаған. Ол тіпті 400 °C-та сублимация мүлде тоқтағанын атап өткен. Ал осы зерттеуде, вакуум ортасында, температура жоғарылаған сайын сублимация қарқыны ыдырау қарқынынан да шапшаң өсіп отырды. Бұдан бөлек, Доде 0,2–0,3 г көлеміндегі тұздың 380 немесе 390 °C-та қарқынды жануға әкелетінін мәлімдеген, ал қазіргі зерттеу 450 °C-та да ыдыраудың баяу жүретінін көрсетті, бұл кезде ешқандай жану байқалмаған [2].

1.1.1. АП құрылымы, қасиеттері және термиялық тұрақтылығы

АП - ның химиялық формуласы NH_4ClO_4 болатын бейорганикалық қосылыс, аммоний катионы (NH_4^+) мен перхлорат анионынан (ClO_4^-) тұрады. Бұл қосылыс ақ немесе түссіз ромбоэдрлік кристалдар түрінде түзіледі. Оның физикалық қасиеттеріне жоғары ерігіштігі, тығыз құрылымы, және тұрақты кристалл торы жатады. Су және көптеген органикалық еріткіштерде жақсы

ериді, бұл оны зертханалық және өндірістік процестерде қолдануға ыңғайлы етеді.



1 - сурет. Аммоний перхлоратының химиялық құрылымы

1 - суретте көрсетілген химиялық құрылымы АП молекуласындағы химиялық байланыстарды былай сипаттауға болады:

- NH_4^+ (аммоний): Тетраэдрлік құрылымда азот пен сутек арасында ковалентті және координациялық байланыстар бар
- ClO_4^- (перхлорат): Хлор төрт оттекпен ковалентті, симметриялы және тұрақты
- NH_4^+ мен ClO_4^-: Иондық байланыс - электростатикалық тартылыс арқылы кристалл тор түзеді. Бұл байланыстар АП-ға жоғары балқу температурасы, суда ерігіштік, және термиялық тұрақсыздық қасиеттерін береді.

1 - кесте. Аммоний перхлоратының химиялық құрамы

Таңба	Элемент	атом салмағы	атомдар саны	масса пайызы
H	Сутегі	1.008	4	3.4 %
Cl	Хлор	35.45	1	30.2 %
N	Азот	14.007	1	11.9 %
O	Оттегі	15.999	4	54.5 %

Химиялық тұрғыдан алғанда, АП өте күшті тотықтырғыш. Ол тотықтырғыш-тотықсыздандырғыш реакцияларында белсенді түрде қатысады және жанғыш материалдармен әрекеттескенде жылдам энергия бөлінуіне себеп болады. Осы қасиеті арқасында аммоний перхлораты кеңінен қолданылады:

- Пиротехникада, от шашулар мен фейерверктердің құрамында, жарылыс қарқындылығын арттыру үшін.

- Қатты зымыран отындарында, отын құрамындағы жанғыш затты тотықтырушы компонент ретінде, мысалы, полиуретан немесе алюминий ұнтағы сияқты отындармен бірге қолданылады.

- Жарылғыш құрылғыларда, жоғары энергия шығару қасиеттері үшін, әсіресе әскери және өнеркәсіптік мақсатта.

- Аналитикалық химияда, оттегіні босату және тотықтыру процесін зерттеуде.

Аммоний перхлоратын өңдеу және сақтау барысында қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау қажет. Себебі ол термиялық тұрақсыз және механикалық әсерлерге сезімтал. Қыздырғанда немесе қышқылдармен әрекеттескенде экзотермиялық ыдырау жүріп, үлкен көлемде газ бөлінуі мүмкін, бұл жарылыс қаупін тудырады [3, 4].

2 - кесте. Аммоний перхлораты келесі сипаттамалармен ерекшеленеді:

Қасиеттері	
Химиялық формула	NH_4ClO_4
Молярлық масса	117.49 г/моль
Түсі	Ақ кристалды
Тығыздығы	1.95 г/см^3
Балқу температурасы	200°C температурада балқу алдында экзотермиялық ыдырау
Суда ерігіштігі	11.56 г/100 мл (0 °C) 20.85 г/100 мл (20 °C) 57.01 г/100 мл (100 °C)
Ерігіштігі	Метанолда еритін, ацетонда, этанолда ішінара ериді, эфирде ерімейді
Құрлымы	
Кристалды құрылым	Орторомбалық (< 513 К) Текше (>513 К)

1.1.2. АП - ның термиялық ыдырау механизімі

АП заманауи энергетикалық материалдарда кең қолданылатын жоғары тиімді тотықтырғыш. Оның оттек сыйымдылығы мен термохимиялық тұрақтылығы алюминий мен органикалық байланыстырғыштардың толық тотығуына мүмкіндік береді. АП-ның оттегі балансы +34 %, бұл көрсеткіш тотықтырғыштар ішінде ең жоғары деңгейге жақын. Сонымен қатар, құрамындағы сутегі атомдары жану кезінде су буын түзіп, энтропияны арттырады, нәтижесінде жану энергиясы жоғары болып, зымыран жүйелерінің тиімділігін көтереді [5].

АП-ның негізгі термохимиялық сипаттамалары келесідей:

- Қалыпты түзілу энтальпиясы: –2536 кДж/кг

- Газ түзілу көлемі: 0,929 м³/кг

- Жану жылуы: 4587 кДж/кг
- Жарылыс жылуы: ≈3720 кДж/кг
- Ыдырау температурасы:>400 °C

Бұл мәндер АП негізіндегі тотықтырғыш жүйелердің энергетикалық тығыздығы, жоғары отын/оттегі реактивтігі және термиялық сенімділігі бойынша бәсекелес материалдардан басым екенін айғақтайды.

АП зымыран отындарында бірнеше мақсатта қолданылады:
- Негізгі тотықтырғыш компонент ретінде (мысалы, алюминий қосылған композиттік жүйелерде);
- Қосымша оттек көзі ретінде (оттегінің жетіспеуін толтыру үшін);
- Жану жылдамдығын, қысым профилін немесе жану симметриясын басқару үшін модификатор ретінде.

Әсіресе, нитратты эфирмен пластиктендірілген полиэфирлі отындарда яғни энергетикалық сипаттамасы жоғары, бірақ оттек тепе-теңдігі шектелген жүйелерде АП 7–15 % көлемінде қосылады. Бұл жану жылдамдығын оңтайлы деңгейге реттеу, оттек балансын толықтыру, әрі жану камерасындағы қысым жүктемелерін басқару үшін қажет. Мұндай жүйелерде АП-ны енгізу отынның термохимиялық көрсеткіштерін теңгеріп, жану өнімдерінің толықтығын арттырады [6].

Ғылыми-зерттеулер мен модификациялау бағыттары

Соңғы екі онжылдықта АП немесе АП негізіндегі отын жүйелерінің термиялық ыдырау механизмдерін, жану динамикасын және катализ арқылы өнімділікті арттыру жолдарын зерделеу бойынша ондаған ғылыми зерттеулер жүргізілді.

Бұл ізденістер бірнеше бағыттарды қамтыды:

1. Термодеструкция температурасын төмендету жүйенің тұтану оңтайлығын арттыру үшін;
2. Жану жылдамдығын арттыру қысқа уақыт ішінде үлкен қуатты реактив түзу үшін;
3. Катализаторлар енгізу арқылы термиялық энергияны басқару – энергия шығару профилін өзгерту үшін;
4. Экологиялық тұрғыдан тұрақты жану өнімдерін қалыптастыру – HCl түзілуін азайту және озон бұзатын әсерді төмендету мақсатында.

Бұл бағытта металл оксидтері, металл нанобөлшектері, органикалық катализдік қоспалар, тіпті 2D материалдар (мысалы, MXene) енгізу арқылы АП негізіндегі жүйелердің өнімділігін оңтайландыру үлкен қызығушылық тудырып келеді [7]. Аммоний перхлоратының (АП) термиялық ыдырауын жеделдету үшін нано Fe_2O_3, CuO, NiO сынды металл оксидтері мен нано Fe, Zn, Cu, Ni сияқты металл бөлшектері қолданылған. Алайда АП-ның ең күрделі кемшілігі, құрамындағы жоғары мөлшердегі хлор (30,2 %) болып табылады, жану кезінде түзілетін сутек хлориді озон қабатын зақымдайды.

АП-ның жылу түзілуі –2536 кДж/кг, ал жарылыс жылуы 3720 кДж/кг болғандықтан, оның негізіндегі отынның энергетикалық өнімділігі жоғары. Жану жылдамдығы шамамен 10 мм/с (7 МПа қысымда), әрі төмен қысымда да жану мүмкіндігі бар.

Көптеген катализаторлар инертті болып келеді, яғни АП ыдырауына елеулі әсер етпейді. Ал наноөлшемді металл бөлшектері экзотермиялық реакциялар арқылы ыдырауды белсенді түрде жылдамдата алады. Дегенмен, металл ұнтақтарын қоспаға енгізу отынның жалпы энергетикалық тиімділігін төмендетуі мүмкін. Сондықтан АП термолизін төмен температурада тиімді индукциялайтын, жылу бөлу қабілеті жоғары әрі энергетикалық өнімділікке зиян келтірмейтін катализатор табу маңызды. Айта кету керек, дәстүрлі жарылғыш заттар, тринитротолуол, гексоген, октоген, АП-мен араласқанда өз бетінше ыдырап, АП ыдырауына әсер ете алмайды[8].

АП-ның екі кристалдық модификациясы ромбтық және кубтық. Ромбтық құрылым 240 °C-тан төмен, ал кубтық 240 °C-тан жоғары температурада тұрақты. Бұл ауысу 11,3 кДж/моль жылу шығара отырып жүреді, және температура сәл артқанда зат балқуға ұшырайды.

ДТА зерттеулері АП-ның екі экзотермиялық процесті көрсетеді:

- 303–330 °C аралығында , төмен температуралы ыдырау
- 378–421 °C аралығында, жоғары температуралы ыдырау

Екеуінде де газ өнімдері: N_2O, NO_2, HCl, H_2O, NOCl, сонымен қатар аздаған NO және $HClO_4$ түзіледі [9].

Айтарлықтай NH_3 газы байқалмайды, себебі NH_4ClO_4 алдымен NH_3 және $HClO_4$-ке диссоциацияланып, кейін радикалдар арқылы тез тотығады. Шамадан тыс NH_3 адсорбциясы АП ыдырауын тоқтатып, реакцияны баяулатады. Төмен температурада тотығу-тотықсыздану жылдамдығы мен жылу бөлуі жеткіліксіз, сондықтан $HClO_4$ ыдырау өнімдерін белсендіру маңызды. NH_3-ке қарағанда оңай тотығатын материалдарды енгізу арқылы АП-ның термолизін төмен температурада жеделдетуге болады [10]. Аммоний перхлоратының (АП) термиялық ыдырауы бірқатар ерекше қасиеттерімен сипатталады, бұл тек қолданбалы емес, ғылыми тұрғыдан да қызығушылық туғызады. АП фазалық ауысуға байланысты: 240 °C-тан төмен ромбтық құрылымда, ал жоғары температурада текше құрылымда болады. Төмен температуралы термолиз кристалдың тарихына, қоспаларға, алдын ала механикалық өңдеуге және сәулеленуге өте сезімтал. Оксидтік катализаторлар қарапайым және күрделі термолиз жылдамдығына айтарлықтай әсер етеді [11]. Бірақ толық ыдырау жүрмейді, керісінше NH_4ClO_4 қалдықтарынан реакциялық ядролар түзіледі. Қатты өнімдер түзілмейтіндіктен, АП үшін ыдырауды автоматты түрде локализациялайтын стандартты модель жарамсыз, сондықтан басқа кері байланыс схемасы қажет. Сондай-ақ, ыдырау 240 °C-тан төмен тоқтайтыны ерекше құбылыс болып табылады [12].

АП термолизі мультисатылы процесс, ол кристалдық трансформация, сублимация, диффузия, адсорбция-десорбция сияқты физика-химиялық құбылыстармен қатар, азот, оттегі, сутегі және хлордың қатысуымен өтетін күрделі химиялық реакциялардан тұрады [13]. Бұл үдерісті түсінуді

қиындататын басты фактор эндотермиялық сублимация мен экзотермиялық химиялық реакциялар қатар жүретін энергетикалық қайшылықтар. Бұған қоса, ыдырау 5 $K \cdot мин^{-1}$-ден 10^6 $K \cdot с^{-1}$-ге дейінгі жылдамдықта өтуі мүмкін, бұл реакция жолдарының алуандығын арттырады.

АП термиялық ыдырауы үш режимге бөлінеді [14]:

- Төмен температуралы режим (LTD): 260 – 330 °C.
- Жоғары температуралы режим (HTD): 370 – 420 °C.
- Аралық режим (ITD): LTD мен HTD аралығында орналасады.

Әр режимнің реакция механизмі, өнімдер құрамы және энергетикалық сипаттамасы әртүрлі. Сондықтан АП-ның термиялық ыдырауын толық түсіну үшін осы режимдер жеке қарастырылуы тиіс.

1.1.3. АП -ның ыдырауын катализдеу

Жоғары температура жағдайында АП-ның фазалық түрленуі орын алған кезде эндотермиялық сипаттағы термиялық шың тіркеледі, бұл оның кристалдық құрылымының өзгерісіне байланысты. Сонымен қатар, АП термиялық ыдырауына жататын негізгі экзотермиялық реакция шыңы 267–287 °C аралығында орналасады және дәл осы температура диапазонында энергияның қарқынды бөлінуімен сипатталатын бастапқы термодеструкция процесі басталады.

Шын мәнінде, ғылыми әдебиеттерде АП термиялық ыдырауының катализаторлары немесе үдеткіштері туралы баяндалатын сілтемелердің басым көпшілігінде АП ыдырау температурасын 300 °C-тан едәуір төменге түсіру мүмкіндігі өте сирек кездеседі. Бұл АП-ның химиялық тұрақтылығы мен жоғары активтендіру энергиясына ие болуымен түсіндіріледі. Ерекше жағдай ретінде Гуо есімді зерттеушінің жұмысы көрсетілген, ол жоғары белсенділікке ие катализатор ретінде $K_2Pb[Co(NO_2)_6]$ энергетикалық иондық тұзын синтездеп, оны АП термиялық ыдырауын катализдеу мақсатында қолданған. Бұл қосылыс АП үлгісіне енгізілген кезде, АП-ның ыдырау температурасы 295,9 °C-қа дейін төмендегені анықталды. Бұл ретте, $K_2Pb[Co(NO_2)_6]$ қосылысының өзі алдымен 272,8 °C температурада ыдырап, бөлінген өнімдер арқылы АП термолизін индукциялағаны байқалды[15].

Айта кету керек, АП өздігінен термиялық ыдырауға ұшырамайды, яғни, процестің басталуы үшін белгілі бір сыртқы энергия көзі қыздыру қажет. Бұл факт активтендіру энтальпиясы ($\Delta H\neq$) бар екенімен және жалпы жағдайда Гиббс энергиясы ($\Delta G\neq$) оң мәнге ие болатынымен түсіндіріледі. Яғни, барлық $\Delta G\neq$ оң мәндер АП ыдырауының спонтанды жүрмейтінін растайды, әрі оны іске қосу үшін активациялық тосқауылдан өту қажет. Сонымен қатар, активтендіру энтропиясының мәндері ($\Delta S\neq$) көмегімен де процестің термодинамикалық сипатын анықтауға болады. Есептеулерге сәйкес, барлық $\Delta S\neq$ мәндері оң болғаны анықталған, бұл $-T\Delta S\neq$ терминінің Гиббс энергиясы теңдеуінде ($\Delta G\neq = \Delta H\neq - T\Delta S\neq$) теріс мәнге айналуына алып келеді. Нәтижесінде, температура артқан сайын $\Delta G\neq$ мәні азаяды, демек ыдырау процесінің ықтималдығы арта түседі. Сонымен қатар, $\Delta S\neq$-нің оң мәні молекулалардың активтенуі барысында жүйенің бейтараптығының немесе

ретсіздігінің артуына, яғни энтропиялық бұзылудың жоғарылауына сәйкес келеді, бұл да термохимиялық тұрғыдан түсінікті құбылыс болып табылады.

$$\ln\frac{\beta}{T_p^2} = \ln\frac{RA_k}{E_k} - \frac{E_k}{R}\frac{1}{T_p} \quad (1)$$

$$K = A_k \exp\left(-\frac{E_k}{T_p R}\right) \quad (2)$$

$$A\exp\left(-\frac{E_k}{RT_p}\right) = \frac{K_B T_p}{h}\exp\left(-\frac{\Delta G^{\neq}}{RT_p}\right) \quad (3)$$

$$\Delta H^{\neq} = E_k - RT_p \quad (4)$$

$$\Delta G^{\neq} = \Delta H^{\neq} - T_p \Delta S^{\neq} \quad (5)$$

Таза аммоний перхлоратының (АП) екі экзотермиялық процесі бар. 303–330 °C аралығында байқалатын процесс төмен температуралы ыдыраумен байланысты, онда сублимация, молекулалық қайта құрылу және алдын ала реакциялар жүреді. 378–421 °C аралығында тіркелетін негізгі экзотермиялық шың жоғары температуралы ыдырауға сәйкес келеді және қарқынды жылу бөлінуімен сипатталады. Екі процестің де ортақ белгісі – газ тәрізді өнімдердің түзілуі, бұл термогравиметриялық және масс-спектрометриялық талдаулармен дәлелденген. Негізгі өнімдер: N_2O, NO_2, HCl, H_2O және NOCl. Қосымша түрде аз мөлшерде NO және $HClO_4$ қалдығы анықталған, бірақ олардың концентрациясы төмен болғандықтан жалпы процестерге елеулі әсер етпейді. Бұл өнімдер АП термолизінің ерекшелігін және оның газ түзу әлеуетін айқындайды[16].

АП негізіндегі отынның жану жылдамдығын модификациялау үшін негізінен өтпелі металл оксидтері (Fe_2O_3, Co_2O_3, MnO_2, CuO) және аралас оксидтер (мысалы, мыс хромиті) қолданылады[17]. Олардың каталитикалық белсенділігі бөлшек мөлшері, беткі аудан, кристалдық ақаулар, тотығу дәрежесі мен химиялық құрамға тәуелді. АП ыдырауында металл оксидтері гетерогенді катализатор ретінде әрекет етіп, перхлорат/қышқылдың ыдырауын жеңілдетеді. Белсенділікті арттыру үшін катализатордың беткі ауданы үлкен, бөлшек өлшемі кіші болуы қажет. Наноөлшемді катализаторлар белсенді учаскелерді көбейтіп, реактивтермен тиімді әрекеттесуді қамтамасыз етеді, сондықтан олар жану жылдамдығын арттыруда қолайлы. Ғарыштық қолданбаларда катализатор мөлшерін азайту үшін аса белсенді түрлері қажет. Катализаторлар тұтандырғыш және эвакуациялық қозғалтқыш отындарында да жоғары жану жылдамдығын қамтамасыз ету үшін қолданылады. Әдебиеттерде модификацияланған катализаторлар арқылы жану жылдамдығын арттыруға талпыныстар бар, бірақ нәтижелер әлі толық қанағаттанарлық емес. Жоғары температурада АП ыдырауының ертерек басталуы катализатор әсерін көрсетеді, ал гибридті катализаторлар жеке

компоненттерге қарағанда тиімдірек [18]. Мысалы, графен электрондық қасиеттері арқылы ClO_4^-, NH_4^+ және O_2 арасындағы электрон тасымалын жылдамдатады. Дегенмен, нанокатализаторлардың жоғары беткі ауданы қатты отынның механикалық қасиеттеріне кері әсер етуі мүмкін. Барлық беттерді толық жабу үшін байланыстырғыштың көп мөлшері қажет, бұл отынның беріктігін төмендетуі ықтимал. Графен парақтарының үлкен беткі ауданы катализдеуде тиімді болғанымен, отынды дайындауда қиындықтар туғызады [19].

1.1.4. АП -ның қатты зымыран отынындағы маңызы

1. Тотықтырғыш ретіндегі басты рөл:

Аммоний перхлораты қатты зымыран отыны құрамында кеңінен қолданылатын, жоғары тиімділігімен ерекшеленетін бейорганикалық тотықтырғыш. Ол органикалық байланыстырғыштар мен жанғыш металл ұнтақтарымен (мысалы, алюминий сияқты ұшқын тудыратын агенттермен) бірге әрекеттесе отырып, жану кезінде оттегіні белсенді түрде бөліп шығарады. Бұл өз кезегінде жоғары температуралы және өте қарқынды тотығу-тотықсыздану реакцияларын қамтамасыз етеді, нәтижесінде зымыран қозғалтқышының камерасында қажетті итергіш күш пен жану импульсі түзіледі [20]. Осы реакциялар толық жану мен энергияның толық босап шығуын қамтамасыз етіп, жүйенің тиімділігін арттырады.

2. Энергия тығыздығының жоғары болуы:

Аммоний перхлоратының энергетикалық сипаттамалары едәуір жоғары болып табылады, әсіресе басқа бейорганикалық тотықтырғыштармен салыстырғанда. Ол гравиметриялық (массалық) және көлемдік энергия тығыздығын тиімді түрде арттыра алады, бұл оны жоғары энергетикалық тиімділікке ие отын жасауға өте қолайлы компонент етеді. Оның отынмен үйлесімділігі жанғыш компоненттермен тұрақты және біркелкі араласуға бейімділігі қуатты әрі салыстырмалы түрде жеңіл құрылым жасауға мүмкіндік береді, бұл қасиет әсіресе ғарыш аппараттарының масса-өлшем параметрлерін оңтайландыру кезінде, яғни пайдалы жүктемені орбитаға жеткізу тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады [21].

3. Жоғары сақтау тұрақтылығы:

АП термиялық және химиялық тұрақтылығымен ерекшеленетін ерекше тұрақты қосылыс, яғни оны ұзақ уақыт бойы қауіпсіз күйде сақтау және тасымалдау мүмкіндігі бар. Ол ылғал сіңіргіштігі төмен материал болғандықтан қоршаған ортаның ылғалдылығы мен температура ауытқуларына аса сезімтал емес, сонымен қатар салыстырмалы түрде жоғары температураға дейін өзін-өзі тұтатпайтын қасиетке ие[22]. Мұндай сақтау тұрақтылығы оның ұзақ мерзімді миссиялар мен алдын ала дайындалған зымыран кешендерінде пайдаланылуын қауіпсіз әрі сенімді етеді, бұл фактор зымыран отынының қоймада және ұшыру алаңында тұрақты жұмыс істеуі үшін маңызды.

4. Жану жылдамдығын басқару мүмкіндігі:

АП негізіндегі отынның жану жылдамдығын түрлі әдістермен, мысалы бөлшек өлшемдерін өзгерту арқылы (яғни ұсақтау немесе ірілендіру), беткі активті заттармен (surfactants) қаптап, реакциялық бетті модификациялау арқылы, немесе катализаторлармен (мысалы, металл оксидтері, металл нанобөлшектері немесе MXene сияқты екі өлшемді материалдар) үйлестіру арқылы оңтайландыруға болады [23]. Бұл басқару мүмкіндігі зымыран жүйелерінің нақты техникалық талаптарына сай өнімділігін дәл реттеуге, мысалы, итергіш күштің уақыттық профилін, өсу қарқынын, қысым мен жылу шығу жылдамдығын орнатуға мүмкіндік береді. Бұл қасиет жану тұрақтылығын қамтамасыз етіп, жүйенің жауап беру жылдамдығын арттырады.

5. Кеңінен зерттелген және өндірісте дәлелденген материал:

АП онжылдықтар бойы әлемнің түрлі зертханаларында, әскери және азаматтық ғарыштық ұйымдарында терең зерттеліп келе жатқан материал. Осы уақыт ішінде оның физикалық-химиялық қасиеттері, термиялық ыдырау кинетикасы мен жану механизмдері жан-жақты зерттелген, бұл практикалық қолданыста айтарлықтай сенімділік береді. Бұл фактор инженерлер мен ғалымдарға сенімді компьютерлік модельдер құруға, жану симуляцияларын іске асыруға, материалдық құрамды болжауға және жаңа буындағы зымыран отындарын жобалау кезінде қолданылатын инженерлік шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді [24]. Сонымен бірге, оның өндірістік масштабтағы дайындалуы мен стандартталған қасиеттері оны ғарыштық және әскери мақсаттағы жүйелер үшін өндірісте дәлелденген қауіпсіз шешімге айналдырып отыр.

1.2. MAX (Максималды) фазалар

MAX фазалар қабатты құрылымды, бір мезгілде керамикалық және металлдық қасиеттерді біріктіретін ерекше материалдар класы. Бұл материалдар карбидтер, нитридтер және карбонитридтер түрінде кездеседі, олардың жалпылама химиялық формуласы $M_{n+1}AX_n$ түрінде өрнектеледі. Мұнда:


- M - IV–VI топтағы өтпелі металл (мысалы, Ti, V, Nb, Mo, т.б.),
- A - III–IVA топтарының элементтері (мысалы, Al, Si, Ge, т.б.),
- X - көміртек (C) немесе азот (N),
- n - бүтін сан, мәні 1–4 аралығында өзгереді.

Қабаттасу құрылымы M_6X октаэдрлерінің конфигурациясына байланысты күрделене түседі, ал фазалық атауы n мәніне қарай "211", "312", "413", "514" тәрізді ретпен өрбиді (Сурет 2-де келтірілген).

1960-жылдары Х. Новотный және әріптестері алғашқы қабатты үштік карбидтер мен нитридтерді анықтап, оларды "H-фазалар" деп атады [25]. Кейін олар "MAX фазалары" ретінде жіктелді, ал Ti_3SiC_2 ("312") сияқты жаңа құрылымдар металл мен керамиканың қасиеттерін біріктіретіні анықталды. 1996 жылы М. Барсум және Т. Эль-Раги фазалық таза Ti_3SiC_2 синтездеп, оның жоғары беріктік, электр және жылу өткізгіштік қасиеттерін көрсетті[26]. Кейін

Ti_4AlN_3 ("413") және 2020 жылы Mo_4VAlC_4 ("514") фазалары ашылып, MAX фазаларының кең әрі әртарапты топ екенін дәлелдеді [27].

MAX фазалар иондық, коваленттік және металлдық байланыстардың үйлесімі арқасында жоғары электр және жылу өткізгіштікке, химиялық тұрақтылыққа, термиялық соққыға төзімділікке және серпімділікке ие. Олар металдар мен керамиканың үздік қасиеттерін біріктіретін перспективалы материалдар ретінде қарастырылады. Көптеген зерттеулер Ti_3SiC_2, Ti_2AlC және Ti_3AlC_2 фазаларына бағытталған.



2 - сурет. 211, 312 және 413 MAX фазаларының кристалдық құрылымының схемалық иллюстрациясы [28].

Бүгінгі таңда шамамен 85-тен астам MAX фазалық қосылыстар белгілі. Олар табиғаттағы элементтердің кең спектрінен құралуы мүмкін:

- M-компонентіне Sc, Ti, V, Cr, Mn, Zr, Nb, Mo, Hf, Ta, Lu жатады,
- A-компонентіне Al, Si, P, S, Zn, Ga, Ge, As, Cd, In, Sn, Ir, Au, Tl, Pb сынды 15-тен астам элемент енгізілуі мүмкін.

2011 жылы ерітінділік өсу әдісі арқылы MAX-фазалы монокристалдар алынғаны көрсетіліп, олардың анизотропиялық қасиеттерін зерттеуге жол ашылды [29]. Қазіргі таңда қатты фазалық реакциялар, реактивті балқыма, CVD және плазмалық тығыздау сияқты әдістер қолданылып, құрылымдық тазалық пен масштабталу жетілдірілуде. Сонымен қатар, MAX фазалар негізінде гибридтік және композиттік материалдар әзірленіп, қосымша функционалдық қасиеттер енгізілуде [30].

1.3. MXene туралы қысқаша түсінік

Соңғы онжылдықтарда екі өлшемді (2D) материалдар, олардың ерекше электрондық, оптикалық және механикалық қасиеттеріне байланысты материалтану және құрылғыларды жобалау салаларында ғылыми қауымдастықтың назарын ерекше аударып келеді. Әсіресе, 2004 жылы

графеннің графиттен механикалық қабыршақтану әдісі арқылы оқшауланууы [31] және оның керемет өткізгіштік, беріктік және икемділік қасиеттерінің анықталуы материалтану ғылымының жаңа кезеңін бастады. Содан бері әлемнің түкпір-түкпіріндегі зерттеу топтары графеннің аналогы немесе балама 2D материалдарын табу, әзірлеу және қолдану бағытында белсенді жұмыс жүргізіп келеді.

Бастапқыда көптеген 2D құрылымдар ван-дер-Ваальс қабаттарымен байланысқан 3D құрылымдардың механикалық қабыршақтануы арқылы алынды. Бұл әдістеме арасындағы өзара әрекеттесу әлсіз болған жүйелерде жақсы нәтиже берді — мысалы, слюда, саз, MoS_2 және WS_2 тәрізді қабатталған материалдарда. Уақыт өте келе 2D материалдарының алуан түрлілігі кеңейе түсті: бір элементтен тұратын құрылымдар (мысалы, фосфорен, борофен), екілік қосылыстар (мысалы, MoS_2, BN), және күрделі көп компонентті фазалар зерттеліп, олардан жаңа қасиеттер анықталды [32].

Осы бағыттағы үлкен ғылыми жаңалықтардың бірі — 2011 жылы Дрексел университетінің профессорлары Мишель Барсум, Юрий Гогоци және олардың әріптестері алғаш рет "MXene" терминін енгізіп, қабыршақты морфологиялы 2D титан карбиді $Ti_3C_2T_x$-ті сипаттаған еңбектері болды [33]. Бұл материалдың құрылымы аккордеон тәрізді болғандықтан, оның жоғары меншікті беткі ауданы және ерекше физикалық-химиялық қасиеттері оны бірден ғылыми назарға іліктірді.

Содан бері MXene атауы өтпелі металдардан алынған екі өлшемді карбидтер, нитридтер және карбонитридтер класына жалпыланып қолданылып келеді. Бұл материалдардың жалпы химиялық формуласы:

$$M_{(n+1)}X_nT_x$$

Мұндағы:

- M – өтпелі металл (мысалы: Ti, V, Nb, Cr, т.б.);
- X – көміртек (C), азот (N), немесе екеуінің комбинациясы;
- T_x – беткі функционалдық топтар, яғни –OH, –O, –F, –Cl, т.б.;
- n – бүтін сан (n = 1, 2, 3…).

Бүгінде Ti, V, Cr, Zr, Nb, Mo, Hf, Ta және W металдарынан алынған MXene құрылымдары эксперименттік түрде синтезделіп расталған. Ал кейбір элементтер (мысалы, Sc, Lu, Mn) үшін MXene түріндегі құрылымдарды алу эксперименттік жағынан әлі де күрделі және іске аспаған [34].

MXene құрылымдарын алу үшін әдетте "жоғарыдан төменге" тәсіл қолданылады, мұнда MAX фазаларынан "A" элементі химиялық травление әдісімен алынып тасталады. Нәтижесінде көп қабатты MXene құрылымдары түзіліп, оны кейіннен ультрадыбыстық немесе механикалық әдістермен жекелеген нано-жапырақтарға ажыратуға болады. Бұл жапырақтардың бетінде міндетті түрде функционалды ұштар (Tx) болады — олардың құрамы, саны және табиғаты материалдың қасиеттеріне тікелей әсер етеді.

MXene бетінің функционалды топтарын синтез тәсілін, реагент концентрациясын және кейінгі өңдеу шарттарын өзгерту арқылы басқаруға болады. Бұл оларды мақсатты түрде:

- Катализатор ретінде (мысалы, жану процестерінде),
- Сенсорлар мен газбен анықтау жүйелері үшін,
- Электрод материалдары, ион өткізгіштер, және
- Антибактериялық жабындар ретінде қолдануға мүмкіндік береді.


MXene құрылымдарына түрлі молекулалар адсорбцияланған кезде олардың электр өткізгіштігі, сыйымдылығы және беткі суланғыштығы (wettability) өзгереді. Бұл құбылысты түрлі газдарды, ылғалдылықты немесе химиялық заттарды "сезетін" сенсорлар жасау үшін пайдалануға болады. Осы қасиеттердің арқасында MXene негізіндегі сенсорлар — газ анализі, биохимиялық зондтау, ортаның өзгерістеріне жауап беру сияқты салаларда кең қолданыс тапты[35]. Сонымен қатар, зерттеушілер MXene–нің электрокаталитикалық, фотокаталитикалық, суперконденсаторлық, тіпті биомедициналық бағыттарда қолдану мүмкіндіктерін зерттеуде. Бұл оны материалтанудың ең қарқынды дамып жатқан және әлеуеті зор зерттеу бағыттарының біріне айналдырып отыр.

1.3.1. MXene-нің құрылымдық қасиеттері

MXene материалдарының қасиеттерін терең әрі жан-жақты зерттеу үшін олардың атомдық құрылым ерекшеліктері мен кристалдық тордағы конфигурациялық өзгерістерін мұқият түсіну қажет [36]. MAX фазаларынан "A" элементтерін (көбінесе Al) селективті түрде алып тастағаннан кейін, өтпелі металл атомдары (M) мен көміртек және/немесе азот (X) атомдары өзара байланысып, тұтастай алғанда алтыбұрышты тығыз оралған (HCP) кристалдық құрылымда сақталады. Бұл процесс нәтижесінде қабыршақты құрылымға ие MXene материалдары пайда болады, олар жоғары беттік ауданы және бірегей электрондық қасиеттерімен ерекшеленеді.

Құрылымдық тұрғыдан алғанда, M_2X, M_3X_2 және M_4X_3 конфигурацияларындағы атомдардың орналасу тәртібі әртүрлі болады. M_2X құрылымында атомдар ABABAB қаптама тәртібін ұстанса, ал M_3X_2 немесе M_4X_3 түрлерінде ABCABC типіндегі қабаттасу байқалады. Бұл реттіліктер атомдық ақаулардың пайда болу ықтималдығына, құрылым симметриясына және нәтижесінде электрондық және механикалық қасиеттерге әсер етеді. Сонымен қатар, синтез әдістері - "ойып тазалау" немесе "ертіндімен өңдеу процесінде қолданылатын реагенттің қасиеті, температуралық режим және ерітіндінің концентрациясы, MXene-нің әр түрінің атомдық торындағы ақау деңгейі мен кристалдық құрылымының реттелуіне елеулі әсер етеді[37]. Айта кететін маңызды жайт: "жалаңаш" (толық функционалды топтарсыз) MXene құрылымын тәжірибелік жолмен алу мүмкін емес. Себебі, ылғалды химиялық травление кезінде материалдың бетінде тұрақты түрде –O, –F, –OH немесе –H тәрізді гидрофильді функционалды топтар пайда болады. Бұл ұштар материалдың коллоидтық тұрақтылығын, беттік энергиясын және химиялық

реакцияларға түсу қабілетін анықтайды. ЯМР (ядролық магниттік резонанс) және нейтронды шашырату әдістері бұл беттік ұштардың бар екенін және олардың арақатынасы синтетикалық тәсіл мен кейінгі өңдеу әдістеріне байланысты өзгеретінін растаған [38]. Сондықтан, беткі функционалды ұштарды терең түсіну MXene қасиеттерін бақылау мен инженерлік тұрғыда бейімдеу үшін өте маңызды.




3 - сурет. Атомдық құрылымдар 2D Mxene-дер (M_2X, M_3X_2, M_4X_3 және M_5X_4) [39].

Зерттеушілердің пікірінше, MXene-нің басты функционалдық қасиеттері -электрөткізгіштік, жылуөткізгіштік, каталитикалық белсенділік, ион өткізгіштік - олардың атомдық құрылымы мен беткі ұштарының сипатына тікелей байланысты. Бұл параметрлер синтез әдісінен бөлек, кейінгі өңдеулер арқылы (мысалы, термиялық күйдіру, реагентпен пассивациялау) де басқарылуы мүмкін.

MXene материалдарын синтездеудің кең таралған жолы - “жоғарыдан төменге” әдісі. Бұл тәсілде MAX фазалы бастапқы материалдардың қабат аралығынан алюминий ионы селективті түрде алынып, нәтижесінде қабыршақты, аккордеонға ұқсас морфологиясы бар құрылым түзіледі[40]. Егер алынған MXene құрылымы бес қабаттан аз болса, бұл көп қабатты максен

(multilayered MXene, ML-MXene) немесе толық қабатты максен (few-layered MXene, FL-MXene) деп жіктеледі. Осыған байланысты, материалдың құрылымын сипаттау үшін Mn+1XnTx түріндегі жалпылама формула пайдаланылады, мұнда M - өтпелі металл, X - көміртек және/немесе азот, T - беттік функционалдық топтар (мысалы, –O, –F, –OH, –Cl), ал n – қабат саны [41].



4 - сурет. Көп қабатты MXene-нің СЭМ кескіні [42].

1.3.2. MXene синтезі

Дәстүрлі 2D материалдарын синтездеу тәсілдеріне ұқсас, MXene материалдарын алу үшін де екі негізгі стратегия қолданылады - "жоғарыдан төмен" (top-down) және "төменнен жоғары" (bottom-up) әдістер.

"Жоғарыдан төмен" тәсілі көбіне MAX фазаларынан немесе олардың аналогтарынан бастау алады. Бұл әдісте қабатты құрылымды бастапқы материалдан аралық "A" элементін селективті травление арқылы алып тастап, нәтижесінде көпқабатты немесе жекелеген MXene қабықшалары түзіледі. Мұндай жолмен алынған материалдар нанометрлік жапырақтардан бастап микрометрлік құрылымдарға дейінгі кең өлшемдер ауқымында болуы мүмкін [43]. Бұл әдістің артықшылығы - кеңінен зерттелген, қайталанатын синтез процесі және функционалдық топтардың (–OH, –F, –O) табиғи түрде түзілуі.

Керісінше, "төменнен жоғары" әдісі - белгілі бір атомдар мен молекулалардан материалды біртіндеп өсіруді білдіретін синтетикалық тәсіл. Мұндай процестер, мысалы, газ фазасынан химиялық тұндыру немесе атомдық қабаттық өсіру сияқты күрделі жағдайларда жүзеге асады. Ерекше сипаттама ретінде бұл әдіспен алынған MXene құрылымдарында көбіне функционалдық беттік ұштар болмайды, яғни "аяқталмаған" немесе

терминалсыз күйде болады. Бұл олардың химиялық реакцияларға түсу қабілетін өзгертеді және функционализацияны кейіннен мақсатты түрде жүргізуді қажет етеді.

Осылайша, әрбір әдістің артықшылықтары мен шектеулері бар:

Бұл реакция барысында фтор иондары (F^-) MXene бетімен әрекеттесіп, фторланған функционал топтар (–F) бекітіледі. Мұндай беткі модификация материалдың физико-химиялық қасиеттерін түбегейлі өзгертуі мүмкін — мысалы, оның гидрофильдігін, электрохимиялық тұрақтылығын және ион алмасу қабілетін арттырады.

Электрон алмасу және тотығу-тотықсыздану процестері. Жоғарыда келтірілген реакцияларда сутегі иондарының (H^+) металл атомдарымен өзара әрекеттесуі нәтижесінде электрон алмасу жүреді. Бұл кезде:

- A элементі тотықсыздандырғыш ретінде әрекет етіп, өзі тотығады (мысалы, $Al \rightarrow Al^{3+}$).
- H^+ иондары тотықтырғыш қызметін атқарып, өздері H_2 газына айналады.
- MXene құрамындағы M металл иондары (мысалы, Ti^{2+}) өз кезегінде H^+ иондарын тотықсыздандырып, M^{3+} күйіне дейін тотығуы мүмкін.

Беттік функционализация маңыздылығы. MXene беттеріне функционал топтардың (–OH, –F, =O) бекітілуі оның электрөткізгіштігіне, химиялық тұрақтылығына, адсорбциялық қасиеттеріне және судағы дисперсиялық қабілетіне тікелей әсер етеді. Бұл функционал топтардың түрі мен саны синтез әдісіне, температураға, pH мәніне және реакция уақыттарына байланысты болады. Сонымен, жоғарыда көрсетілген химиялық реакциялар MXene синтезінің негізін құрап қана қоймай, оның беткі функционалдығын басқарудың маңызды құралы болып табылады.

MXene материалдарын алу процесі – зерттелетін жұмыстың ең маңызды және жауапты кезеңдерінің бірі. Бұл кезеңде ерекше химиялық реакция арқылы Ti_3C_2Tx (MXene) катализаторы синтезделеді, ал ол өз кезегінде каталитикалық процестің табысты өтуі үшін шешуші рөл атқарады.

Ti_3C_2 (MXene) катализаторын синтездеу процесі

Каталитикалық процестің тиімді жүзеге асуы үшін жоғары беттік белсенділікке ие, тұрақты әрі функционалды катализатор қажет. Мұндай мақсатта қолданылатын $Ti_3C_2T_x$ (MXene) материалы зерттеу жұмысындағы негізгі кезеңдердің бірі ретінде аса маңызды. Бұл материал Ti_3AlC_2 (MAX-фаза) негізінде тек қана гидрофтор қышқылының (HF) қатысуымен өтетін арнайы химиялық реакция арқылы алынады.

Синтездің химиялық негізі, Ti_3C_2 (MXene) алу процесі стехиометриялық тұрғыда төмендегі теңдеумен сипатталады:

$$2Ti_3AlC_2 + 6HF \rightarrow 2AlF_3 + 3H_2\uparrow + 2Ti_3C_2 \quad (4)$$

Аталған реакцияда алюминий (Al) атомдары HF-пен әрекеттесіп, алюминий фторидін (AlF_3) түзеді, ал сутегі газы бөлінеді. MAX фазасының алюминий қабаты жойылып, нәтижесінде Ti_3C_2 (MXene) қабаттық құрылымы түзіледі. Бұл материалдың беті ары қарай функционал топтармен (–OH, –F, =O) қапталуы мүмкін, бұл оның T_x индексімен белгіленуіне негіз болады[104].

Стехиометриялық есептеулер мен реагенттерді анықтау. Стехиометриялық есептеулер мен реагенттерді анықтау синтез процесінің маңызды кезеңдерінің бірі болып табылады. Теңдеу (4) негізінде, яғни реакцияның химиялық теңдеуі бойынша, синтез процесінде қолданылатын HF (фторсутек) мөлшері нақты есептеулер арқылы теориялық тұрғыда анықталады. Бұл есептеулер реакцияға қатысатын заттардың молекулалық қатынасын ескере отырып жүргізіледі. Алдымен Ti_3AlC_2 массасы дәл өлшенеді, себебі бұл бастапқы реагенттің мөлшері реакцияның жалпы бағыты мен өнімнің шығымына тікелей әсер етеді. Осы өлшенген масса негізінде, оған сәйкес келетін қажетті HF мөлшері стехиометриялық қатынас арқылы есептеледі, яғни Ti_3AlC_2 мен HF арасындағы молекулалық пропорция негізінде анықталады. HF ерітіндісі 40% концентрацияда қолданылатындықтан, алынған теориялық мөлшерді нақты тәжірибелік жағдайға бейімдеу қажет болады. Бұл жағдайда нақты қажетті көлемі реагенттің физикалық қасиеттеріне, атап айтқанда тығыздығына және ерітіндінің құрамындағы таза HF мөлшеріне байланысты есептелінеді. Мұндай нақты есептеулер реакцияның тиімді және толық өтуін қамтамасыз етеді, яғни барлық реагенттердің толық әрекеттесуіне мүмкіндік береді, сонымен қатар қалдық қышқылдың артық болмауын, яғни реакция соңында артық HF қалмауын қамтамасыз етеді. Бұл өз кезегінде қауіпсіздік талаптарын сақтау мен өнімнің тазалығын арттыруға септігін тигізеді.

Технологиялық режим және қауіпсіздік шаралары. Реагенттерді қосу процесі аса мұқият және кезең-кезеңімен жүргізілуі тиіс, себебі бұл химиялық реакция экзотермиялық сипатқа ие, яғни реакция барысында жылу белсенді түрде бөлінеді және бұл өз кезегінде реакциялық ортаның температурасының күрт көтерілуіне әкелуі мүмкін. Осы себепті, реакцияның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бақылаусыз жүретін жанама процестердің алдын алу мақсатында келесі шаралар қатаң сақталады:

- HF ерітіндісі Ti_3AlC_2 ұнтағының үстіне өте баяу және сыздықтата, яғни тамшылатып құйылады, бұл жылу бөлінуін біртіндеп жүргізуге және реакцияны бақылауда ұстауға мүмкіндік береді;
- Қоспа үнемі жәй және бірқалыпты араластырып отырылады, бұл реакциялық ортаның біртекті болуын қамтамасыз етіп, жергілікті қызып кету аймақтарының пайда болуына жол бермейді;
- Реакциялық орта 60°C температурада, яғни алдын ала белгіленген тұрақты температурада, магниттік араластырғыштың көмегімен 18 сағат бойы баяу және үздіксіз араластырылады, бұл реакцияның толық және тиімді жүруіне, сондай-ақ өнімнің сапасының жоғары болуына ықпал етеді.

Бұл кезеңде жоғары температурадан немесе реагенттердің жылдам қосылуынан туындайтын қауіпті реакциялар мен уытты газдардың бөліну қаупін болдырмау үшін, зерттеуші міндетті түрде жеке қорғаныс құралдарын - арнайы қорғаныш көзілдірігін, қышқылға төзімді қолғаптарды, зертханалық халатты және қажет болған жағдайда тыныс алу жолдарын қорғайтын респираторды -қолдануы тиіс. Сонымен қатар, жұмыс жақсы желдетілетін немесе тартпа шкафта жүргізілуі қажет, бұл жұмыс орнындағы қауіпсіздікті


арттырып, зерттеушінің денсаулығын қорғауға бағытталған маңызды шара болып табылады.

Синтезден кейінгі тазарту және кептіру. 18 сағаттық реакциядан кейін алынған Ti_3C_2 ұнтағының құрамында реакция нәтижесінде түзілген қалдық AlF_3 қосылыстары және артық мөлшерде пайдаланылған HF ерітіндісі болуы мүмкін, бұл өз кезегінде өнімнің химиялық тазалығына, құрылымдық тұрақтылығына және кейінгі қолданылуына кері әсер етуі ықтимал. Мұндай қоспалардан толық әрі тиімді тазарту үшін арнайы дайындалған технологиялық қадамдар тізбегі орындалады, олар өнімнің сапасын арттыруға, оның ұзақ мерзімді сақталуын қамтамасыз етуге және зертханалық процестердің қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған:

1. Алдымен алынған реакциялық қоспа ионсыздандырылған сумен (DI water) бірнеше рет мұқият шайылады, бұл ерігіш қалдықтарды жоюға, сұйық фазадағы қышқылдықты төмендетуге және материалдың бастапқы қасиеттерін сақтауға мүмкіндік береді;
2. Әрбір шайындыдан кейін өнім центрифугалау әдісі арқылы тұнбаға түсіріледі, яғни қатты фазаны сұйықтан бөліп алу үшін жоғары айналу жылдамдығы қолданылады, бұл процестің тиімділігін арттырып қана қоймай, тазарту уақытын қысқартады және алынған үлгінің сапасын жақсартады;
3. Бұл шайу және центрифугалау процесі сұйық фазаның pH мәні ≈7 болғанша, яғни бейтарап орта толық қалыптасқанша қайталана береді, бұл толық бейтараптанудың, HF қалдықтарының жойылуының және өнімнің қауіпсіз қолдануға дайын екендігінің сенімді белгісі болып табылады;
4. Тазартылған және бейтараптанған Ti_3C_2 (MXene) ұнтағы 80°C температурада, арнайы вакуумды кептіргіш шкафтың ішінде 24 сағат бойы кептіріледі, бұл ылғалдың толық жойылуын, өнімнің құрылымдық тұрақтылығын сақтауды және кейінгі зерттеулерге немесе практикалық қолдануға жарамдылығын қамтамасыз етеді.

Бұл кезеңдер өнімнің химиялық тазалығын сақтауға, құрылымдық қасиеттерін бұзбай кептіруге, зертханалық қауіпсіздік талаптарына сай жұмыс жүргізуге және алынған материалдың сапасын халықаралық ғылыми стандарттарға сәйкес деңгейде қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, барлық процестер барысында зерттеуші жеке қорғаныс құралдарын міндетті түрде қолдануы, жұмыс ортасының тиімді желдетілуін қамтамасыз етуі және қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы тиіс.

7 - суретте MXene Ti_3C_2 алу процедурасының схемалық көрінісі келтірілген.



7 - сурет. MXene Ti_3C_2 алу процедурасының схемалық көрінісі. 1 - магниттік араластырғыш, 2, 4 - центрифуга, 3 - ультрадыбыстық дисперсия, 5 - Ti_3C_2 (MXene)

Бұл синтез кезеңі – материалдың сапасын, морфологиясын және функционалдық мүмкіндіктерін анықтайтын аса маңызды қадам, себебі дәл осы кезеңде реакцияның нақты жүргізілуі мен қолданылған жағдайларына байланысты Ti_3C_2 (MXene) бетінде әртүрлі функционал топтар түзіледі. Бұл топтар Ti_3C_2-нің каталитикалық белсенділігіне, электр өткізгіштігіне, гидрофильділігіне, термиялық тұрақтылығына және басқа да физика-химиялық қасиеттеріне тікелей әсер етеді, сондықтан олардың түзілу механизмі мен табиғатын жан-жақты зерттеу материалдың болашақ қолданылу тиімділігін айқындайды. Түпкілікті өнім Ti_3C_2 (MXene) – қою сұр немесе қара түсті, дисперсиялық қабілеті жоғары, қабыршақты құрылымға ие ұнтақ түрінде алынады, ол әрі жеңіл өңделетін, әрі тұрақты қасиеттерімен ерекшеленеді. Оның морфологиясы, яғни қабаттарының пішіні мен өлшемі, беткі ауданы және функционалды топтарының құрамы алдағы каталитикалық процестердің селективтілігі мен белсенділігін, сондай-ақ материалдың сенсорлық, электрохимиялық және адсорбциялық қасиеттерін айқындайды. Бұл көрсеткіштер Ti_3C_2 (MXene) - нің қолдану аясын кеңейтуге, мысалы, энергия сақтау жүйелерінде, су тазарту технологияларында, сенсорлық құрылғыларда және басқа да заманауи нанотехнологиялық бағыттарда тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай қасиеттер

Ti_3C_2 (MXene) - ді дәстүрлі материалдарды алмастыратын жаңа буын катализаторларының бірі ретінде қарастыруға негіз береді [105].

2.3. $Ti_3C_2T_x$(MXene)/АП композитін дайындау

Ti_3C_2 графенге ұқсас екіөлшемді (2D) керамикалық материалдардың ең перспективті топтарының бірі ретінде ғылыми-зерттеу салаларында кеңінен таралды. Оның бірегей физика-химиялық қасиеттері, жоғары электр өткізгіштігі, үлкен меншікті беткі ауданы және бетінің функционалдығы оны түрлі катализ, сенсорика, энергия сақтау және жарылғыш заттардың термиялық ыдырауын басқару секілді салаларда тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

MAX фазаларының қышқылмен өңделуі арқылы синтезделетін MXene материалдарын алу, қиын әрі бірнеше сатылы процесс болса да, зерттеушілер бұл материалдарды жетілдіріп, композиттер жасауға көшті. Осындай композиттер полимерлермен, көміртекті нанотүтікшелермен, металл оксидтерімен, графенмен, сульфидтермен үйлестіріліп, кең функционалды мүмкіндіктерге жол ашады. Бұл салада бірнеше ғылыми шолу жұмыстары жарияланып, MXene-композиттердің құрылымы, қасиеттері мен қолданылу салалары кеңінен сипатталған.

Бұл жұмыста Ti_3C_2 (MXene)/АП композитін алу үшін тұндыру әдісі (co-precipitation) қолданылды. Аталған әдіс Ti_3C_2 (MXene) бөлшектерін АП матрицасына біркелкі енгізуге, олардың өзара әрекеттесуін күшейтуге және нәтижесінде көпқабатты, тұрақты әрі біртекті құрылым түзуге жағдай жасайды. Мұндай тәсіл синтез барысында материалдың бастапқы қасиеттерін сақтап қана қоймай, оның құрылымдық тұрақтылығын арттыруға және алынған композиттің ұзақ мерзімді қолданылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Синтез процесінің кезеңдері 8-суретте көрсетілген және әрбір қадам материалдың морфологиясын, құрылымдық ерекшеліктерін, сондай-ақ алынған композиттегі Ti_3C_2 (MXene) - нің каталитикалық белсенділігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл кезеңдердің дұрыс орындалуы түпкілікті өнімнің сапасын арттыруға, оның функционалдық қасиеттерін кеңейтуге, практикалық қолдану тиімділігін жоғарылатуға және болашақта энергетикалық жүйелерде, сенсорлық құрылғыларда, сондай-ақ зымыран отындарының жану процестерін оңтайландыруда кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді [106].



8 -сурет. Ti_3C_2 (MXene) / АП Композитті жасау схемасы: 1,3 - ультрадыбыстық дисперсия, 2 – АП, 4-вакуумды кептіргіш, 5- Ti_3C_2 (MXene) /АП композиті

1. Суспензия дайындау: Алдын ала синтезделген Ti_3C_2 (MXene) ұнтағының үстіне этанол спирті құйылып, концентрациясы 5 мг/мл болатын суспензия дайындалды, бұл ерітіндіде Ti_3C_2 (MXene) бөлшектерінің біркелкі таралуын қамтамасыз етуге бағытталған. Дайындалған суспензия ультрадыбыстық диспергатордың көмегімен 30 минут бойы өңделіп, нәтижесінде Ti_3C_2 (MXene) коллойды алынады, яғни ұсақ бөлшектерден тұратын тұрақты дисперсия түзіледі. Мұндай өңдеу бөлшектерді біркелкі таратуға, агломерацияны болдырмауға және Ti_3C_2 (MXene) қабаттарын ашуға көмектеседі, бұл өз кезегінде материалдың беткі ауданы мен функционалдық топтарының экспозициясын арттырады. Сонымен қатар, ультрадыбыстық диспергатордың әсері қабатаралық байланыстарды әлсіретіп, Ti_3C_2 (MXene) - нің коллоидтық тұрақтылығын жақсартады, бұл оны кейінгі процестерде - мысалы, пленка жасау, электрод дайындау немесе сенсорлық құрылғыларда қолдану үшін - тиімді етеді[107].

2. АП ерітіндісін қосу: АП судағы ерітіндісі (50 мг/мл концентрацияда) алдын ала дайындалған Ti_3C_2 коллойдына өте баяу және бақылаулы түрде қосылады, бұл реакциялық ортаның тұрақтылығын сақтау және компоненттердің біртекті араласуын қамтамасыз ету үшін маңызды. Қоспа қосылғаннан кейін жүйе қосымша 60 минут бойы ультрадыбыстық дисперсия әдісі арқылы мұқият және үздіксіз араластырылады, бұл АП молекулаларының Ti_3C_2 (MXene) коллойды құрылымына терең енуіне және Ti_3C_2 қабаттарының беткі аймағымен тиімді әрекеттесуіне мүмкіндік береді. Бұл кезеңде АП молекулалары Ti_3C_2 (MXene) бетіне сіңіп, өзара әрекеттесуі жүреді, нәтижесінде материалдың функционалдық қасиеттері - мысалы, термиялық реактивтілігі, иондық өткізгіштігі немесе каталитикалық

белсенділігі - айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Сонымен қатар, ультрадыбыстық өңдеу арқылы бөлшектердің агломерациясы азайып, жүйенің коллоидтық тұрақтылығы артады, бұл кейінгі процестерде - мысалы, пленка құру немесе композициялық материалдар синтезі кезінде маңызды рөл атқарады.

3. Құрғату: Толық араласып болған соң, алынған қоспа алдымен мұздатылады, бұл құрылымның бастапқы қалпын сақтау және бөлшектердің қайта агрегациясын болдырмау үшін маңызды, содан кейін вакуумдық кептіргіште төмен қысым мен тұрақты температура жағдайында біртіндеп құрғатылады. Мұндай жағдайда алынған материал Ti_3C_2 (MXene) /АП композиті көпқабатты құрылым түзіп, онда АП бөлшектері Ti_3C_2 (MXene) парақтарының арасына еніп, қабатаралық кеңістікте орналасады немесе парақтардың екі жағынан жабысып, тұрақты байланыс түзіледі. Бұл құрылымдық ұйымдасу композиттің функционалдық қасиеттеріне, атап айтқанда, термиялық реактивтілігіне, ион өткізгіштігіне және механикалық беріктігіне оң әсер етеді. Сонымен қатар, вакуумдық кептіру әдісі материалдың морфологиясын сақтап, оның кейінгі қолдану тиімділігін арттырады, әсіресе энергетикалық құрылғылар мен сенсорлық жүйелерде.

4. Құрамды түрлендіру: Ti_3C_2 (MXene) - нің массалық үлесі 1%, 2%, 5% және 10% болатын төрт түрлі композит дайындалды, бұл материалдың құрамындағы Ti_3C_2 мөлшерінің өзгеруі оның құрылымдық және функционалдық қасиеттеріне қалай әсер ететінін зерттеуге мүмкіндік береді. Әр композиттен дәл 3 мг көлемінде сынамалар алынды, бұл олардың морфологиясын, термиялық тұрақтылығын, электр өткізгіштігін және каталитикалық белсенділігін салыстыра отырып зерттеуге, сондай-ақ композициялық материалдардың тиімді құрамын анықтауға жағдай жасайды. Мұндай салыстырмалы талдау нәтижесінде Ti_3C_2 (MXene) үлесінің материалдың жалпы өнімділігіне әсері туралы нақты қорытындылар жасауға болады.

Композиттің термиялық талдауы

Алынған композиттер термогравиметриялық (ТГ) және дифференциалды термиялық талдау (ДТА) әдістері арқылы жан-жақты зерттелді, бұл олардың термиялық тұрақтылығы мен реактивтілігін бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында сынамалар әртүрлі қыздыру жылдамдығымен (5, 10, 20, 30°C/мин) біртіндеп қыздырылып, термиялық процестердің динамикасы мен энергетикалық сипаттамаларына ерекше мән берілді. Атап айтқанда, келесі көрсеткіштер мұқият бақылауға алынды:

- АП ыдырау температурасының өзгеруі, яғни композит құрамындағы Ti_3C_2 (MXene) мөлшеріне байланысты ыдырау басталатын температураның ауытқуы;
- Ti_3C_2 (MXene) -тің каталитикалық әсері нәтижесінде термиялық ыдырау барысындағы жылу бөліну қарқындылығы, бұл реакцияның экзотермиялық сипатын және энергия шығымын сипаттайды;
- Ыдырау үдерісінің басталу және шекті температуралары, яғни термиялық реакцияның толық жүру аралығы, бұл материалдың қауіпсіздік және қолдану шектерін анықтауға көмектеседі;

• Жалпы энергетикалық тиімділік, яғни реакция барысында бөлінетін жылу мөлшері мен оның композиттің функционалдық мүмкіндіктеріне әсері.

Бұл талдаулар негізінде Ti_3C_2 (MXene) катализаторының АП-ның термиялық ыдырауына әсері жан-жақты бағаланды. Яғни, катализатордың болуына байланысты ыдырау температурасының төмендеуі немесе жылу эффектісінің ұлғаюы материалдың каталитикалық белсенділігін дәлелдейді, бұл өз кезегінде композиттің энергетикалық құрылғыларда, сенсорлық жүйелерде немесе термиялық детонация процестерінде қолдану әлеуетін арттырады. Сонымен қатар, әртүрлі қыздыру жылдамдығы арқылы алынған деректер реакция кинетикасын талдауға және термиялық тұрақтылықты салыстыруға мүмкіндік береді [106, 107].

2.4. АП негізінде дайындалған қатты отынның жану жылдамдығын анықтау

Аммоний перхлораты негізіндегі қатты отынның жану жылдамдығын анықтау – зымыран техникасында аса маңызды ғылыми-техникалық міндет. Бұл көрсеткіш қозғалтқыштың сенімділігі мен тиімділігін ғана емес, сонымен қатар бүкіл ұшу жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Жану жылдамдығы қозғалтқыштың тарту күшін, жану процесінің тұрақтылығын және отынның толық пайдаланылуын айқындайды. Егер ол шамадан тыс жоғары болса, қысымның күрт артуынан жарылыс қаупі туындайды, ал тым төмен болса, қозғалтқыштың істен шығуына немесе қажетті тарту күшін бере алмауына әкеледі. Жану жылдамдығын нақты өлшеу арқылы отынның физика-химиялық қасиеттерін бағалауға, әртүрлі катализаторлардың тиімділігін салыстыруға және жаңа композицияларды сынауға мүмкіндік бар. Бұл зерттеулер зымыран қозғалтқыштарының жұмысын оңтайландыруға, ұшу траекториясын дәл есептеуге және ғарыштық тасымалдау жүйелерінің тиімділігін арттыруға жол ашады. Сонымен қатар, жану жылдамдығын бақылау арқылы отынның ұзақ мерзімді сақталу тұрақтылығы мен өндірістік қауіпсіздігі де қамтамасыз етіледі.

Осылайша, аммоний перхлораты негізіндегі қатты отынның жану жылдамдығын анықтау – тек қозғалтқыштың жұмысын сипаттайтын параметр емес, ол жаңа материалдарды сынақтан өткізуге, инновациялық технологияларды дамытуға және ғарыштық бағдарламалардың табысты жүзеге асуына ықпал ететін негізгі фактор болып табылады.

2.4.1. Ti_3C_2 (MXene) -ның әр түрлі массалық үлесінде композиттік отынды дайындау

АП негізіндегі отынның жану механизмінің кейбір ерекшеліктерін зерттеуге арналған эксперименттер қазіргі уақытта қабылданған модельге қатысты қысқаша талқыланады. АП өте алуан түрлі жағдайларда жануын газдандыру процесі туралы жаңа эксперименттік деректер диссоциация әдетте кинетикалық ыдырау заңымен (активтену энергиясы шамамен 30 ккал/моль), содан кейін тепе-теңдік заңымен жақсырақ бейнеленетінін көрсетеді. Жану кезінде конденсацияланған фазадағы кейбір экзотермиялық тотығу-

тотықсыздану реакциясы тұздың диссоциациясымен бірге жүруі мүмкін. Төмен қысымда аммоний перхлоратының органикалық отынмен композициялық қоспаларының жану жылдамдығына жану жылуынан басқа отын байланыстырғыш қасиеттері аз әсер етеді, бірақ жоғары қысымда керісінше болады. Мұның ықтимал себептері эксперименталды түрде зерттелді. Тұрақты соңғы жалын температурасында байланыстырғыштың көлемдік жүктемесі оның термиялық тұрақтылығынан маңыздырақ болып көрінеді және аммоний перхлоратының монопропеллантты жалынының жоғары қысымда таралуына кедергі келтіретін отын "тоскауылы" идеясы сақталады. Аммоний перхлоратының байланыстырғыш интерфейстері бойымен жалынның таралу жылдамдығы сәйкес композиттік отынның жану жылдамдығынан айтарлықтай ерекшеленбейді және қазір жылдамдықты реттейтін функция болып көрінбейді.

Қазірге дейін аммоний перхлораты негізінде қатты отынның жануына көптеген жұмыстар жасалды. Отынның негізгі тотықтырғышы ретінде аммоний перхлоратын ішінара немесе толық ауыстыруын қарастыратын, аммоний перхлораты бар қатты отындар дәуірі өткенге айналады десекте, жаңа жүйелерді сыни тұрғыдан түсіну, біздің ойымызша, бұл мәселеге қайта оралуды талап етеді.

Осы уақытқа дейін аммоний перхлораты негізіндегі қатты отынның жануын оңтайландыру бойынша көптеген зерттеулер жүргізілді. Дегенмен, аммоний перхлоратының негізгі отын тотықтырғышы ретінде ішінара немесе толық ауыстырылуын ескере отырып, аммоний перхлораты бар қатты отын дәуірі өткенге айналады деп айтылғанда, жаңа жүйелерді сыни тұрғыдан түсіну, біздің ойымызша, бұл мәселеге қайта оралуды талап етеді.

Қазіргі заманғы қатты отынды зымыран қозғалтқыштары (ҚОЗҚ) аса қуатты және сенімді болу үшін дамыған композиттік қатты отын түрлерін пайдаланады. Бұл отындар бір-бірімен тығыз байланысқан бірнеше негізгі компоненттен тұрады. Әдетте олардың құрамына тотығу процесін қамтамасыз ететін тотықтырғыш, отын ретіндегі металл ұнтағы және құрылымды берік ұстауға мүмкіндік беретін полимер байланыстырғыш кіреді.

Осы композиттік қатты отын құрамында кеңінен қолданылатын тотығуыш - бұл аммоний перхлоратын (АП) қамтитын химиялық қосылыс. АП - аса күшті тотықтырғыш ретінде белгілі, ол жану кезінде оттегіні бөліп шығарады және жану процесін белсенді түрде қолдайды. Бұл зымыран қозғалтқышының жоғары температурада және қысымда жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Полимер негізіндегі байланыстырғыш материал - бұл жанатын әрі отын құрамындағы басқа заттарды біріктіріп тұратын компонент. Ол отын қоспасына механикалық беріктік пен тұтастық береді. Мысалы, гидрокси-терминальды полибутадиен (НТРВ) сияқты полимерлер жиі қолданылады.

Ал ұнтақ алюминий - жанатын зат рөлін атқарады. Алюминийдің жану жылуы өте жоғары, сондықтан ол жану температурасын арттырып, зымыран итергіш күшін ұлғайтады. Алюминийдің кішкене бөлшектері үлкен жану бетіне ие болғандықтан, жану жылдамдығы да жоғарылайды.

Осылайша, заманауи композиттік қатты отындар жоғары энергиялы, сенімді және технологиялық тұрғыда оңтайлы құрам болып табылады. Олар зымыран техникасында кеңінен қолданылып, ғарышты игеру мен қорғаныс саласында үлкен рөл атқарады. [108, 109].

Әдебиеттерге, соның ішінде соңғы жылдары жарық көрген эксперименттік және теориялық еңбектерге жасалған жан-жақты шолу негізінде композиттік қатты отын құрамындағы дәстүрлі металл оксидтері (Fe_2O_3, CuO, MnO_2 және т.б.) орнына Ti_3C_2 (MXene) наноқұрылымды материалын қолдану мүмкіндігі қарастырылды. Бұл бағытта жүргізілген зерттеу жұмыстары заманауи қатты отынды зымыран қозғалтқыштарының тиімділігін арттыруда жаңа перспективалар ашатынын, олардың энергетикалық сипаттамаларын жақсартуға, жану процесінің тұрақтылығын күшейтуге және жану өнімдерінің сапасын арттыруға ықпал ететінін көрсетті. Ti_3C_2 (MXene) – ерекше екіөлшемді құрылымға ие, жоғары электр және жылу өткізгіштігі бар материал. Ол отын құрамында жануды катализдеу қабілетімен, сондай-ақ жану процесінің тұрақтылығын арттыруымен ерекшеленіп, жану кезінде бөлінетін энергияның мөлшерін көбейтуге және жану өнімдерінің морфологиясын оңтайландыруға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында аталған материалдың тотығу жылдамдығына, жалпы жылу бөлуге, жану өнімдерінің құрылымдық ерекшеліктеріне және олардың физика-химиялық қасиеттеріне әсері жан-жақты талданды. Эксперименттік жұмыстарда АП негізіндегі композиттік қатты отын қоспасы пайдаланылды, оның құрамына төмендегі компоненттер кірді (кесте-7), және бұл компоненттердің өзара үйлесімділігі мен Ti_3C_2 (MXene) катализаторының әсері жану процесінің тиімділігін арттыруда шешуші рөл атқаратыны анықталды. Сонымен қатар, алынған нәтижелер Ti_3C_2 (MXene) -нің дәстүрлі металл оксидтерін алмастыратын перспективалы материал екенін дәлелдеп қана қоймай, болашақта қатты зымыран отындарының жаңа буынын әзірлеуге және ғарыштық тасымалдау технологияларын жетілдіруге айтарлықтай үлес қосатынын көрсетті.


7 - кесте. АП негізіндегі қатты зымыран отынының құрамдас бөліктері салмақтың пайыздық үлесі (%) бойынша

Үлгі, №	Құрамы, %			
	Ti_2C_3	AI	NH_4ClO_4	ПУ
1	0	18	60	22
2	2	18	58	22
3	3	18	57	22
4	5	18	55	22

Зерттеу барысында композиттік қатты отынның төрт типтік үлгісі 6-кестеде көрсетілген компоненттердің массалық үлесіне сүйене отырып арнайы әзірленіп, тәжірибелік сынақтарға дайындалды. Әр үлгінің дайындалу кезеңі

стандартталған және мұқият реттелген, технологиялық жағынан бірізді процесс негізінде жүзеге асырылды [105]. Бұл тәсіл үлгілер арасында құрылымдық және функционалдық сәйкестік болуын қамтамасыз етіп, алынған нәтижелердің салыстырмалылығын арттыруға бағытталған.

Қатты зымыран отындарын дайындау жоғары дәлдікті, қауіпсіздікті және технологиялық тәртіпті талап ететін көпсатылы әрі күрделі процесс. Бұл кезеңде әрбір компоненттің физика-химиялық қасиеттері, өзара әрекеттесу мүмкіндігі, термохимиялық тұрақтылығы және композициялық құрылымдағы орны мұқият ескеріледі. Алдымен отын құрамына кіретін белсенді компоненттер алюминий (Al) отын ретінде, АП - тотықтырғыш ретінде және Ti_3C_2 катализатор немесе функционалдық қоспа ретінде, алдын ала есептелген массалық үлеске сәйкес жоғары дәлдікпен өлшенеді (7 - кестеде көрсетілгендей). Бұл өлшеу барысында аналитикалық таразы қолданылады, себебі массалық балансты сақтау және ықтимал қателіктерді болдырмау дайын өнімнің сапасына тікелей әсер етеді. Өлшенген құрғақ ұнтақтар механикалық араластырғыштарда немесе қолмен ұзақ уақыт бойы мұқият араластырылып, біртекті дисперсия алынады. Бұл бөлшектердің біркелкі таралуын қамтамасыз етіп, жану процесінің тұрақтылығы мен тиімділігін арттырады. Араластырудан кейін қоспаға байланыстырғыш ретінде сұйық полиуретан (ПУ) белгілі мөлшерде қосылып, толық ылғалданғанша араластырылып, біртекті массаға айналады. Байланыстырғыш барлық компоненттерді біріктіріп, композициялық құрылым түзеді, бұл механикалық беріктік пен термиялық сенімділікті қамтамасыз етеді. Дайын масса цилиндр пішінді қалыптарға (биіктігі 20 мм, диаметрі 8 мм) құйылып, формаға келтіріледі(9 - суретте көрсетілгендей). Қалыптау кезінде геометриялық параметрлердің біркелкілігіне ерекше назар аударылады, себебі кейінгі термохимиялық талдаулардың дәлдігі мен салыстырмалылығы осыған байланысты. Қалыпталған үлгілер вакуумдық ортада, 40–60 °C температура режимінде екі тәулік бойы біртіндеп кептіріледі. Бұл кезеңде артық ылғал жойылып, ауа көпіршіктері шығарылады, полимерлік байланыстырғыш толық қатады, ал ішкі құрылым тұрақтанып, материал термиялық және механикалық тұрғыдан тұрақты күйге келеді. Барлық жұмыс арнайы желдетілетін зертханалық ортада жүргізіледі, ал зерттеуші міндетті түрде жеке қорғаныс құралдарын көзілдірік, қолғап, халат және қажет болған жағдайда респиратор қолдануы тиіс. Реагенттермен жұмыс істеу кезінде термиялық, химиялық және механикалық қауіптер ескеріліп, тиісті шаралар қабылданады. Осылайша дайындалған қатты зымыран отыны - құрамдық дәлдігі, құрылымдық тұрақтылығы және геометриялық біртектілігімен - ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік сынақтар үшін сенімді әрі стандартталған материал ретінде қолданылады[110].



9 - сурет. Ti_3C_2-нің әр түрлі пайыздық көрсеткішінде дайындалған қатты отынның үлгілері

Байланыстырғыш ретінде пайдаланылған материал полиуретан (ПУ) болып табылады. Полиуретанның (ПУ) химиялық формуласы нақты бір тұрақты формуламен анықталмайды. Өйткені бұл полимер әртүрлі мономерлердің қоспасынан тұрады және оның құрамындағы элементтер мен байланыстар әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ жалпы түрде, полиуретанның құрылымын былайша көрсетуге болады:

Полиуретан бұл уретан байланыстары (–NH–CO–O–) бар полимер.

Полиуретанның химиялық формуласы келесідей түрде жалпы түрде жазылуы мүмкін:

$$[–O–C(NH)–R–C(O)–O–]_n$$

Мұндағы:
- R — органикалық топ (мысалы, алкил немесе ароматтық топ),
- n — полимерлену дәрежесін білдіретін сан.

2.4.2. Жоғары қысымды қондырғыда АП негізіндегі қатты отынды жағу


Ғарыштың кең кеңістігінде ғаламды тереңірек зерттеуге және түсінуге деген адамзаттың мәңгілік ұмтылысы оны техникалық және ғылыми тұрғыдан жаңа биіктерге жетелеуді жалғастырып келеді. Ғарышты игеру процесі, әсіресе XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, негізінен сенімді, қуатты және тиімді қозғаушы жүйелердің қарқынды дамуына байланысты мүмкін болды. Бұл жүйелер алыс орбиталарға шығу, ғарыш аппараттарын дәл бағыттау және жүктемелерді тасымалдау сынды күрделі міндеттерді жүзеге асырудың негізі. Осыған байланысты, қатты зымыран отындары спутниктерді,

ғылыми аппаратураларды және тіпті экипаждық миссияларды ғарышқа ұшыруда шешуші рөл атқаратын құрамдас жүйе ретінде айрықша маңызға ие. Қатты зымыран отынын құрайтын түрлі компоненттердің ішінде химиялық жағынан ең белсенді әрі энергетикалық жағынан ең тиімді тотықтырғыш ретінде АП нағыз жұмыс күші ретінде ерекшеленеді.

Қатты зымыран отындарының жану жылдамдығын зерттеу жұмыстары зымыран техникасының сенімділігін, басқарылымдылығын және энергетикалық тиімділігін арттыру үшін маңызды орын алады. Бұл параметр отын жанған кезде қаншалықты қарқынды энергия бөлінетінін, жану фронтының таралуын және зымыран қозғалтқышының итергіш күшін анықтайтын негізгі динамикалық көрсеткіштердің бірі болып табылады. Жану жылдамдығы көптеген факторларға, соның ішінде отынның химиялық құрамына, бөлшек өлшемінің біркелкілігіне, байланыстырғыштың түрі мен құрылымдық тұтқырлығына, катализаторлық немесе модификаторлық қоспалардың болуына және ең маңызды параметрлердің бірі ретінде жану камерасындағы орта қысымына тікелей тәуелді. Бұл факторлардың әрқайсысы жану процесінің кинетикасына өзіндік үлес қосады, сол арқылы қозғалтқыштың жұмыс тиімділігін қалыптастырады.

Жалпы алғанда, жанудың камералық қысымы артқан сайын жану жылдамдығы да жоғарылайтын заңдылық байқалады. Бұл құбылыс жалын фронтының геометриясы мен жану ортасындағы жылу тасымалдау механизмдерінің өзгеруіне тікелей байланысты. Камерадағы қысым жоғарылаған сайын жану профилі жұқарып, жалын тығызырақ әрі біркелкі таралады, бұл өз кезегінде жылу энергиясының отынға тиімді өтуіне және реакцияның жылдам жүруіне ықпал етеді. Нәтижесінде жану процесі тезірек жүреді және жану аймағының тұрақтылығы артады [110].

Осы зерттеу аясында 7 - кестеде келтірілген қатты отын компоненттерінің массалық үлестері негізінде төрт түрлі тәжірибелік үлгі дайындалып, әртүрлі қысым жағдайларында жануды имитациялау сынақтары жүргізілді. Бұл үлгілер отын құрамы бойынша бір-бірінен нақты катализаторлық немесе құрылымдық параметрлермен ерекшеленіп, олардың жану сипаттамаларын салыстырмалы түрде талдауға, алынған нәтижелерді жүйелі түрде бағалауға және нақты тиімділік көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік берді. Сынақтар 0.1 МПа, 2 МПа, 4 МПа және 6 МПа қысым жағдайларында жүргізілді, бұл әртүрлі қысым диапазонында жану процесінің динамикасын бақылауға және оның негізгі заңдылықтарын айқындауға жағдай жасады.



10 - сурет. Жоғары қысымды қондырғыда амони перхлораты негізіндегі қатты отынды жағудың сызбасы. 1-аргон, 2, 3, 4,- газды айырып қосқыш тиек, 5- манометр, 6, 7- газ шығатын орын, 8-вакуумды сорғы, 9-жағуға арналған үлгі, 10-жоғары қысымды қондырғы, 11-бақылауға арналған терезе, 12- ашылып жабылатын қақпақ, 13- трансформатор, 14- пирометр, 15- қыздырғыш спираль

Осы арқылы қысымның жану жылдамдығына, жалпы энергияның босап шығу механизміне және жану өнімдерінің морфологиясына тікелей әсерін анықтау, сондай-ақ әртүрлі жұмыс орталарындағы термодинамикалық тұрақтылық пен тиімділік көрсеткіштерін кешенді түрде бағалау көзделді. Мұндай сынақтар алынған композиттік отын үлгілерінің практикалық қолдану мүмкіндіктерін кеңінен талдауға, олардың сенімділігін арттыруға және болашақта зымыран қозғалтқыштарының энергетикалық тиімділігін жоғарылатуға бағытталған маңызды деректер алуға мүмкіндік береді[110]. Барлық тәжірибелер 10-суретте көрсетілген арнайы жоғары қысымды зертханалық қондырғыда жүзеге асырылды, ол зерттелетін реакциялық процестерді қауіпсіз, реалистік жұмыс шарттарында дәл модельдеуге және заманауи өлшеу және бақылау аспаптары арқылы нақты параметрлерді жазып

алуға мүмкіндік беретін, технологиялық жағынан жоғары деңгейлі жүйе ретінде сипатталады [110].

Зерттеу барысы мынадай кезеңдерден тұрды:

1. Үлгілерді геометриялық сипаттау: сынақ алдында дайындалған цилиндр пішінді қатты отын үлгілерінің биіктігі мен диаметрі дәл өлшенді. Бұл мәліметтер жану жылдамдығын нақты есептеу үшін қажет.

2. Қысымда жағу сынақтары: әр үлгі белгіленген қысым мәнінде қондырғы ішінде тұтатылды. Жану барысы бейнекамера арқылы толық тіркелді. Видео материал кейіннен жану уақыты мен пішінін анықтау үшін талданды.

3. Температураны бақылау: жану кезіндегі температура пирометр құрылғысы көмегімен нақты уақыт режимінде өлшенді, бұл жану процессінің термодинамикалық сипаттамаларын бағалауға мүмкіндік берді.

4. Жану жылдамдығын есептеу: жану уақыты мен жанған қашықтық бойынша жанудың нақты жылдамдығы мм/с, см/с өлшем бірліктерінде есептелді.

Бұл зерттеулер қатты отындардың қысымға тәуелді жану қасиеттерін түсінуге және оптималды құрамды таңдауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері отынды одан әрі жетілдіруге, сондай-ақ қозғалтқыштың жұмыс режиміне сәйкес нақты параметрлерді анықтауға маңызды негіз болады.

Зымыран қозғалтқышы тұтанған кезде аммоний перхлоратының тотықтырғышы экзотермиялық жолмен ыдырап, оттегі газы (O_2) түрінде оттегінің көп мөлшерін шығарады. Содан кейін бұл оттегі алюминий ұнтағы немесе басқа металл қоспалары болсын, отынмен қосылып, металл оксидтері мен әртүрлі жану өнімдерін түзеді. Реакция үлкен мөлшерде жылу мен газды шығарып қана қоймайды, сонымен қатар өзінің тотықтырғышын шығарады, бұл оны барлық отын тұтынылғанша өзін-өзі қамтамасыз етеді.

АП, химиялық формуласы NH_4ClO_4, аммоний катиондарынан (NH_4^+) және перхлорат аниондарынан (ClO_4^-) тұратын бейорганикалық тұз. Аммоний перхлораты-ақ, кристалды, суда еритін ұсақ ұнтақ. Бұл өте күшті тотықтырғыш, яғни ол зымыранның отын қоспасындағы басқа материалдардың жануын қамтамасыз ету үшін оттегімен оңай қамтамасыз етеді. Ұнтақ алюминий немесе басқа металл отындары сияқты қолайлы отынмен біріктірілгенде, АП қоспасы жоғары тиімді және қуатты қатты зымыран отынын құрайды.

2.5. Үлгілерді талдау әдістері

2.5.1. СЭМ және ЭДРС талдау әдістері

Үлгілердің микроқұрылымы 15 кВ үдеткіш кернеуі бар Quanta 3D 200i қос жүйесіндегі сканерлеуші электронды микроскопия (СЭМ) әдісі арқылы жан-жақты зерттелді. Бұл әдіс материалдардың беткі морфологиясын, құрылымдық ерекшеліктерін және элементтік құрамын анықтауда кеңінен қолданылады.

Сканерлеуші электронды микроскоп қатты үлгілердің бетінде әртүрлі сигналдарды генерациялау үшін жоғары энергиялы электрондардың фокусталған сәулесін пайдаланады. Электрондар мен үлгілердің өзара әрекеттесуінен пайда болатын сигналдар үлгі туралы маңызды ақпарат береді: сыртқы морфология (текстура), химиялық құрам, кристалдық құрылым және үлгіні құрайтын материалдардың бағдарлануы. Көптеген қосымшаларда деректер үлгінің таңдалған бетінің ауданы бойынша жиналып, қасиеттердегі кеңістіктік ауытқуларды көрсететін екі өлшемді кескін жасалады [105].

СЭМ әдісі арқылы ені шамамен 1 см-ден 5 мкм-ге дейінгі аумақтарды сканерлеу режимінде суретке түсіруге болады. Үлкейту диапазоны 20х-тан 30 000х-қа дейін жетеді, ал кеңістіктік ажыратымдылығы 50–100 нм аралығында. Сонымен қатар, СЭМ үлгідегі таңдалған нүктелердің орналасуына талдау жүргізуге қабілетті, бұл тәсіл әсіресе химиялық құрамдарды, кристалдық құрылымды және кристалдық бағдарларды сапалы немесе жартылай сандық анықтауда пайдалы. СЭМ-дегі үдетілген электрондар кинетикалық энергияның едәуір мөлшерін тасымалдайды. Бұл энергия қатты сынамада электрондардың баяулау процесінде үлгімен әрекеттесіп, әртүрлі сигналдар түрінде бөлінеді. Мұндай сигналдарға қайталама электрондар (морфология мен топографияны бейнелеу үшін), кері шашыраған электрондар (құрамдық контрасттарды көрсету үшін), дифракцияланған кері шашыраған электрондар (кристалдық құрылымдарды анықтау үшін), фотондар (рентгендік сәулелерді генерациялау үшін), көрінетін жарық (катодолюминесценция –) және жылу жатады [111].

Үлгілерді бейнелеуде қайталама электрондар мен кері шашыраған электрондар жиі қолданылады. Қайталама электрондар үлгінің морфологиясы мен топографиясын анықтауда ең құнды болса, кері шашыраған электрондар көп фазалы үлгілердегі құрамдық айырмашылықтарды жылдам ажыратуға мүмкіндік береді. Рентгендік генерация түскен электрондардың атомдық орбиталдардағы электрондармен серпімді емес соқтығысуы нәтижесінде пайда болады. Қозған электрондар төменгі энергетикалық күйлерге оралғанда, тұрақты толқын ұзындығындағы рентген сәулелерін шығарады. Әрбір элемент үшін бұл сәулелердің жиынтығы бірегей сипатқа ие, сондықтан үлгінің элементтік құрамын анықтауға мүмкіндік береді. СЭМ талдауы "бұзбайтын" әдіс болып саналады, яғни үлгі көлемін жоғалтпай бірнеше рет талдау жүргізуге болады [112].

СЭМ әдісінің артықшылықтары мен шектеулері

Артықшылықтары. Қатты материалдарды зерттеуде СЭМ-пен салыстыруға болатын әмбебап құрал жоқ деуге болады. СЭМ барлық салаларда – геологиядан бастап материалтану мен өнеркәсіпке дейін – кеңінен қолданылады. Құрылғыларды пайдалану салыстырмалы түрде оңай, интерфейстері интуитивті, ал көптеген үлгілер минималды дайындықты қажет етеді. Деректерді жинау жылдам әрі қазіргі заманғы СЭМ нәтижелерді сандық форматта сақтайды, бұл оларды портативті әрі ыңғайлы етеді.

Шектеулері. Үлгілер қатты болуы тиіс және микроскоп камерасына сәйкес келуі қажет. Көлденең өлшемдер әдетте 10 см-ден аспайды, ал тік

өлшемдер сирек 40 мм-ден асады. Төмен қысымда газ бөлетін немесе "дымқыл" үлгілер (мысалы, көмірсутектермен қаныққан тау жыныстары, органикалық материалдар, ісінетін саздар) кәдімгі СЭМ-де зерттеуге жарамсыз. Дегенмен, төмен вакуумдық экологиялық СЭМ үлгілердің осы түрлерін зерттеуге мүмкіндік береді. СЭМ детекторлары өте жеңіл элементтерді (H, He, Li) анықтай алмайды, ал көптеген құралдар атомдық саны 11-ден (Na) төмен элементтерді тіркеуге қабілетсіз. Қатты күйдегі рентген детекторлары (ҚРД) жылдам әрі ыңғайлы болғанымен, олардың энергия ажыратымдылығы төмен және аз мөлшердегі элементтерге сезімталдығы шектеулі. Электр оқшаулағыш үлгілерді зерттеу үшін арнайы өткізгіш жабын қажет [112].

Энергия-дисперсиялық рентгендік спектроскопия (EDX/ЭДРС)

ЭДРС – СЭМ-мен бірге қолданылатын қосымша талдау әдісі. Ол үлгінің элементтік құрамын анықтауға және химиялық сипаттама жасауға мүмкіндік береді. Әдіс рентгендік қозудың үлгі атомдарымен өзара әрекеттесуіне негізделген. Әрбір элементтің атомдық құрылымы бірегей болғандықтан, оның спектрінде ерекше шыңдар пайда болады. Бұл принцип Мозли заңымен түсіндіріледі, ол рентген сәулелерінің энергиясын жоғары дәлдікпен болжауға мүмкіндік береді [113].

ЭДРС кезінде үлгіге электрондар немесе рентген сәулелері бағытталады. Ішкі қабықтағы электрондар қозып, орбитадан шығарылғанда, бос орын жоғары энергиялы қабықтағы электронмен толтырылады. Энергия айырмашылығы рентген сәулесі түрінде бөлініп шығады. Осы сәулелердің энергиясы мен саны спектрометр арқылы өлшеніп, үлгінің элементтік құрамын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс материалдардың химиялық құрамын дәл әрі сенімді сипаттауға жағдай жасайды. ЭДРС талдауының артықшылығы – ол СЭМ кескіндерімен бірге қолданылғанда үлгінің морфологиясы мен элементтік құрамын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша, зерттеу нәтижелері материалдың құрылымдық ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар оның функционалдық қасиеттерін де айқындауға көмектеседі [114].

2.5.2. Дифференциалды термиялық талдау (ДТА) және термогравиметриялық талдау (ТГ)

АП-ның термиялық ыдырауы *netzsch* (Германия) фирмасының STA 409 PC/PG дифференциалды сканерлеу калориметрінде 10 °C/мин қыздыру жылдамдығымен инертті және тотығу атмосферасында зерттелді[105]. Бұл құралдың басты ерекшелігі – бір мезгілде бірнеше термоаналитикалық әдістерді қолдануға мүмкіндік беруі, соның арқасында үлгінің термиялық тұрақтылығы, фазалық өзгерістері, массалық жоғалуы және жылу эффектілері туралы кешенді ақпарат алынады. Мұндай тәсіл материалдың термодинамикалық қасиеттерін толық сипаттауға, оның құрылымдық өзгерістерін нақты бақылауға және алынған деректерді салыстырмалы түрде талдауға жағдай жасайды. Сонымен қатар, бұл әдіс үлгінің ыдырау механизмін, фазалық ауысулардың басталу және аяқталу температураларын,

жылу бөліну немесе сіңірілу процестерін анықтауға мүмкіндік береді. Осындай кешенді талдау нәтижесінде материалдың физика-химиялық қасиеттері туралы тереңірек түсінік қалыптасып, оның практикалық қолданылу тиімділігін бағалауға және жаңа композициялық жүйелерді жобалауға негіз қаланады.

Дифференциалды термиялық талдау (ДТА) дифференциалды сканерлеу калориметриясына ұқсас әдіс болып табылады. ДТА кезінде зерттелетін материал мен инертті сілтеме бірдей жылу циклдарынан өтеді, ал олардың арасындағы температура айырмашылығы тіркеліп, уақытқа немесе температураға қатысты график түрінде беріледі ДТА қисығы немесе термограмма) [115]. Бұл қисық үлгідегі экзотермиялық немесе эндотермиялық өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді. Алынған деректер әйнектің ауысуы, кристалдануы, балқуы және сублимациясы сияқты фазалық түрленулерді сипаттайды. ДТА шыңының астындағы аймақ энтальпияның өзгерісін көрсетеді, бірақ үлгінің жылу сыйымдылығына әсер етпейді. Осылайша, ДТА әдісі материалдың фазалық ауысуларын сапалы түрде бағалауға мүмкіндік береді, ал оның нәтижелері үлгінің құрылымдық тұрақтылығын анықтауда маңызды рөл атқарады.

Термогравиметриялық дифференциалды талдау (ТГ/ДТА) – бір эксперименттің өзінде үлгінің бірнеше жылу қасиеттерін бір мезгілде сипаттауға мүмкіндік беретін заманауи жылу анализаторы. Оның ТГ компоненті үлгінің ыдырау, тотықсыздану немесе тотығу жүретін нақты температураларын өлшейді және осы процестер барысында үлгінің салмағының өзгерісін үздіксіз бақылайды. Мұндай өзгерістер әртүрлі физикалық немесе химиялық процестерге байланысты болуы мүмкін, мысалы, үлгінің құрамындағы ұшпа заттардың буланuы, газ бөлінуі немесе күрделі фазалық ауысулардың орын алуы. Ал ДТА компоненті процестің эндотермиялық немесе экзотермиялық сипатын көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар масса жоғалмайтын фазалық өзгерістерді – балқу, кристалдану немесе шыны ауысулары сияқты құбылыстарды тіркеуге қабілетті. Негізінде, ТГ/ДТА стандартты термогравиметриялық талдауға (ТГТ) ұқсас болғанымен, ол қосымша ақпарат береді: үлгінің салмақ өзгерісімен қатар жылу эффектілерін де көрсетеді, бұл материалдың термодинамикалық мінез-құлқын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бағдарламаланған температура диапазонындағы салмақтың пайыздық өзгерісін графикке түсіру арқылы үлгінің салмағын жоғалтуына немесе өсуіне себеп болған процестерді егжей-тегжейлі зерттеуге болады [116]. ТГ/ДТА әдісі материалдардың жылу тұрақтылығын зерттеуде, бақыланатын атмосфера жағдайында массалық өзгерістерді бақылауда, металдар мен қорытпалардың фазалық ауысуларын анықтауда, фазалық ауысулардың сапалық талдауында (балқу, шыны ауысуы, кристалдану), сондай-ақ тотығу немесе тотықсыздану атмосферасының материалдарға әсерін бағалауда кеңінен қолданылады. Бұл әдіс полимерлерді, органикалық және бейорганикалық материалдарды талдауда да тиімді болып саналады. Оның артықшылықтарына материалдардың жылу қасиеттерін жылдам скрининг жасау, термогравиметрия және фазалық ауысу деректерін

бір уақытта алу, шағын үлгі өлшемімен жұмыс істеу, атмосфераны таңдау мүмкіндігі (инертті немесе реактивті), сондай-ақ жоғары температуралық талдауларға қолайлылығы жатады. Дегенмен, бұл әдіс жылу сыйымдылығын тікелей өлшемейді және энтальпияның өзгерісін сандық тұрғыда анықтай алмайды, сондықтан кейбір жағдайларда қосымша әдістермен толықтыруды қажет етеді [116]. ТГ/ДТА құрылғысының техникалық сипаттамаларына тоқталсақ: температура диапазоны қоршаған ортадан 1100 °C дейін жетеді, атмосфера ретінде инертті газдар (аргон, азот), тотықтырғыш орта (O_2, ауа), редуктивті орта (сутегі/аргон қоспасы) қолданылады. Үлгі массасы 0,1–180 мг аралығында, ал қыздыру жылдамдығы 0,01–100 °C/мин аралығында реттеледі [117]. ДТА құрылғысы үлгі ұстағыштан, терможұптардан, үлгі контейнерлерінен, керамикалық немесе металл блоктан, пештен, температура бағдарламашысынан және жазу жүйесінен тұрады. Негізгі ерекшелігі – вольтметрге қосылған екі термопараның болуы: біреуі инертті материалға (мысалы, Al_2O_3), екіншісі зерттелетін үлгіге орналастырылады. Температура жоғарылаған кезде үлгі фазалық ауысудан өтсе, вольтметрде қысқа ауытқу байқалады. Бұл жасырын жылудың бөлінуіне немесе сіңірілуіне байланысты, сондықтан алынған деректер үлгінің нақты фазалық мінез-құлқын сипаттауда аса құнды болып табылады.

Қазіргі нарықта өндірушілердің көпшілігі шынайы ДТА жүйелерін жасамайды, керісінше бұл технологияны термогравиметриялық талдау (ТГТ) жүйелеріне енгізіп отыр. Бағдарламалық қамтамасыз етудегі жетістіктердің арқасында қазіргі құралдар массаның жоғалуымен қатар үлгінің температурасы мен жылу ағынын бір уақытта тіркей алады. ТГТ-ның үш негізгі вариациясы бар: динамикалық ТГТ – температура уақыт өте келе артып, масса өзгерісі тіркеледі, бұл газ бөліну температурасын анықтауға мүмкіндік береді; статикалық ТГТ – температура тұрақты болып қалады, ал масса өзгерісі бақыланады, бұл материалдың белгілі бір температураға төзімділігін зерттеуге қолайлы; квази-статикалық ТГТ – үлгі бірнеше температура аралықтарында қыздырылып, белгілі уақыт ұсталады, бұл әдіс әртүрлі температурада әртүрлі жолмен ыдырайтын материалдарды сипаттауға мүмкіндік береді. Осылайша, ТГ/ДТА әдісі материалдардың термиялық қасиеттерін кешенді түрде зерттеуге, олардың фазалық ауысуларын, ыдырау процестерін және термиялық тұрақтылығын анықтауға мүмкіндік береді, ал алынған нәтижелер жаңа композициялық жүйелерді әзірлеуде және олардың эксплуатациялық қасиеттерін болжауда шешуші рөл атқарады [115].

Термогравиметриялық талдау (ТГ) – материалдардың термиялық тұрақтылығын, құрамын және деградация процесін зерттеуге арналған жоғары дәлдіктегі аналитикалық әдіс. Бұл әдіс барысында үлгінің массасы температура өзгерген сайын үздіксіз бақыланады, ал атмосфера ретінде ауа, азот, оттегі немесе арнайы газдар қолданылады. ТГ кезінде температуралық сканерлеу екі режимде жүргізіледі: изотермиялық (тұрақты температурада) немесе динамикалық (температура біртіндеп артады). Үлгі қызған кезде оның құрамындағы ұшпа заттар, ылғал немесе органикалық компоненттер буланып, масса азаяды, ал бейорганикалық қоспалар немесе толтырғыштар белгілі бір

температураға дейін тұрақты сақталады. Атмосфераның әсері де маңызды: мысалы, оттегі тотықтыру реакцияларын күшейтіп, үлгінің толық ыдырауына ықпал етеді, ал азот инертті орта ретінде әрекет етіп, материалдың тек физикалық өзгерістерін бақылауға мүмкіндік береді. ТГ нәтижелері масса–температуралық қисық арқылы материалдың буланuын, полимердің ыдырауын, бейорганикалық толтырғыштардың болуын және олардың ыдырау сатыларын көрсетеді. Салмақ жоғалту температурасы материалдың экстремалды жағдайларда қалай әрекет ететінін болжауға мүмкіндік береді, ал арнайы атмосфераларда көміртекті қара мен бейорганикалық толтырғыштардың нақты мөлшері анықталады [116, 117].

Құрылғы сипаттамаларына тоқталсақ: жұмыс температурасы қоршаған ортадан 1000 °C және одан жоғары, дәлдігі грамның миллионнан бір бөлігін анықтай алады [118]. Үлгі салмағы материал түріне байланысты өзгереді: полимерлер үшін 10–20 мг, бейорганикалық және металл үлгілер үшін 40–50 мг. Мұндай жоғары сезімталдық пен кең температура диапазоны зерттеушілерге материалдардың термиялық қасиеттерін жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Осылайша, ДТА және ТГ әдістерін бірлесіп қолдану материалдардың термиялық қасиеттерін кешенді түрде зерттеуге, олардың фазалық ауысуларын, ыдырау процестерін және термиялық тұрақтылығын анықтауға жағдай жасайды. Бұл әдістердің нәтижелері алынған материалдардың практикалық қолданылу тиімділігін бағалауда, жаңа композициялық жүйелерді әзірлеуде, олардың эксплуатациялық қасиеттерін болжауда және болашақта энергетика, полимерлік материалдар, металлургия, нанотехнология сияқты салаларда кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ТГ және ДТА әдістері материалдардың ұзақ мерзімді сенімділігін бағалауда, олардың термиялық қартаюын зерттеуде және жаңа буын функционалды материалдарды жобалауда шешуші рөл атқарады.

2.5.3. Рентгендік фазалық анализ (РФА)

Рентгендік фазалық талдау (РФА) – кристалдық материалдардың құрылымын зерттеуде ең сенімді және кеңінен қолданылатын әдістердің бірі. Бұл әдіс физикалық құбылыс – рентген сәулелерінің дифракциясына негізделген. Кристалдық тордағы атомдар рентген сәулелерін когерентті түрде шашыратып, белгілі бір бұрыштарда интерференциялық максимумдар түзеді. Осы максимумдар дифрактограммада тіркеліп, үлгінің фазалық құрамын анықтауға мүмкіндік береді.

Барлық үлгілердегі рентгендік фазалық талдау келесі түсірілім параметрлерінде жүргізілді:

- Орнату атауы: Rigaku MiniFlex 600;
- Өндіруші ел: Жапония;
- Түтік кернеуі мен тогы: 40 kV, 15 mA;
- Түтік аноды: Cu (Kα = 1.5418 Å);
- Түтікті салқындату жылдамдығы: 4 л/мин;
- Бұрыш сканерлеу диапазоны: 3–90°.

Rigaku MiniFlex 600 – заманауи зертханалық деңгейдегі дифрактометр, ол жоғары дәлдікпен және сенімділікпен өлшеулер жүргізуге арналған. Құрылғының ықшамдылығы мен автоматтандырылған басқару жүйесі оны ғылыми-зерттеу жұмыстарында, материалтану саласында, сондай-ақ өндірістік сапаны бақылауда кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Бұл аспаптың артықшылықтарының бірі – өлшеу жылдамдығы мен деректерді өңдеудің ыңғайлылығы.

РФА әдісінің негізгі міндеті – зерттелетін үлгіде алынған дифракциялық үлгіні талдау арқылы оның құрамындағы әртүрлі фазаларды анықтау. Ұнтақ әдісі қарапайымдылығы мен әмбебаптығына байланысты кеңінен қолданылады [119]. Бұл әдіс үлгінің кристалдық құрылымын бұзбай, оның фазалық құрамын сапалы және сандық тұрғыда сипаттауға мүмкіндік береді.

- Ыдырау температурасы 113,4 °C-қа төмендеді,
- Салмақ жоғалту 98,73%-ға дейін артты,
- Көрінетін термиялық эффект 511,6 Дж/г-қа жетті.

Ti_3C_2 үлесінің артуы бастапқыда каталитикалық белсенділікті күшейткенімен, белгілі бір шектен асқанда негізгі кристалдар көлемінің ұлғаюы мен нанопластинкалардың агломерациясы байқалады. Бұл құбылыс беткі ауданның азаюына алып келіп, сәйкесінше каталитикалық әсердің төмендеуіне себеп болады [132]. Мұндай жағдай катализатордың тиімділігін шектейтін фактор ретінде қарастырылады, себебі реакцияға қатысатын белсенді орталықтардың саны азаяды және энергия бөлу қарқындылығы төмендейді. Сондықтан Ti_3C_2 қосындысының 2% массалық үлесі оңтайлы концентрация ретінде анықталды, өйткені дәл осы пропорцияда АП ыдырауын ең тиімді жеделдету байқалады. Бұл нәтижелер Ti_3C_2 наноматериалының каталитикалық әсерін нақты дәлелдеп қана қоймай, оның практикалық

тұрғыдан қолданылу мүмкіндігін де көрсетеді. Яғни, 2% мөлшерінде енгізілген Ti_3C_2 қосындысы жану процесін тұрақтандырып, энергия тиімділігін арттырады және қатты зымыран отындары үшін перспективалық шешім болып табылады.

Осы зерттеуде АП -ның термиялық ыдырау кинетикасы әртүрлі қыздыру жылдамдықтарында зерттелді. Бұл үшін ТГ-ДТА талдау әдістері қолданылып, қыздыру жылдамдығы 5, 10, 20 және 30 °C/мин шамаларында таңдалды. Әртүрлі жылдамдықта алынған таза АП және Ti_3C_2/АП композитінің жылу әсерін сипаттайтын ДТА термограммалары 14а және 14ә суреттерінде ұсынылған.

Әрбір қыздыру жылдамдығы үшін ДТА қисығындағы эндо- немесе экзотермиялық реакциялардың ең шекті температурасы (T_m) анықталды. Бұл көрсеткіштер негізінде $1/T_m$ мен $\ln(\varphi/ T_m^2)$ арасындағы корреляцияны сипаттайтын сызықтық регрессиялық тәуелділік құрастырылды (15а және 15ә - суреттер).

Мұндай талдау арқылы келесі маңызды кинетикалық параметрлер есептелді:

- Экспоненциалды коэффициент (А) – жүйенің молекулалық соқтығысу жиілігін сипаттайды;

- Активтену энергиясы (Ea) – реакцияның басталуы үшін қажет минималды энергия шегі.

Реакция жылдамдығының тұрақтысын К есептеу үшін Аррениус теңдеуі $k = A * \exp(-Ea/RT_m)$ қолданылды. Алынған кинетикалық параметрлер 8-кестеде жинақталған[132].

мұндағы:

k - реакция жылдамдығының тұрақтысы;


А -экспоненциалды (алдын ала) коэффициент;

Ea - активтену энергиясы (Дж/моль);

R - газ тұрақтысы (8.314 Дж·/моль·К);

Tm -ең жоғары реакция температурасы (Кельвинмен).

8-кестеде алынған барлық кинетикалық параметрлер таза АП және Ti_3C_2 (MXene) /АП композиттері үшін салыстырмалы түрде берілген. Бұл нәтижелер материалдың термиялық тұрақтылығына катализатор үлесінің әсерін сандық түрде бағалауға мүмкіндік береді. АП термиялық ыдырау механизмі екі негізгі теориялық модель арқылы түсіндіріледі: электронды тасымалдау механизмі және протонды тасымалдау механизмі. Атап айтқанда, соңғысы протонды тасымалдау механизмі қазіргі таңда кеңінен қолданылады, себебі ол АП-ның термиялық мінез-құлқын молекулалық деңгейде түсіндіруге және процестің бастапқы сатыларын нақты сипаттауға мүмкіндік береді.



а ә

15 - сурет. Ln (ϕ/T_m^2) қисықтарын $1/T_m$ -ге сәйкестендіру.
(а) төмен температурада ыдырау сатысында; (ә) жоғары температурада ыдырау сатысында

Протонды тасымалдау механизміне (ПТМ) сәйкес, ыдырау процесі аммоний катионы (NH_4^+) мен перхлорат анионы (ClO_4^-) арасындағы өзара әрекеттесу арқылы басталады. Бұл әрекеттесу кристалл торының ішінде протонның ауысуымен жүзеге асады, нәтижесінде аралық молекулалық кешен түзіледі. Мұндай кешеннің түзілуі әрі қарайғы реакциялардың басталуына негіз болады, себебі протонның орын ауыстыруы байланыстарды әлсіретіп, молекулалардың тұрақсыз күйге өтуіне жағдай жасайды. Осылайша, ПТМ АП-ның ыдырау механизмін молекулалық деңгейде түсіндірумен қатар, оның каталитикалық әсерлерге сезімталдығын және энергия бөлу ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

$$NH_4^+ + ClO_4^- \leftrightharpoons NH_3(g) + HClO_4(ads)[\text{LTD кезеңі}]$$
$$\downuparrows \qquad\qquad \downuparrows$$
$$NH_3(g) + HClO_4(g) \ [\text{HTDкезеңі}]$$

LTD кезеңі – төмен температуралық ыдырау:

- Бұл кезеңде аммиак (NH_3) және хлор қышқылы ($HClO_4$) молекулалары пайда болып, материалдың бетінде адсорбцияланады.
- Хлор қышқылының тез десорбциялануы АП бетінде аммиактың жиналуына алып келеді.
- Мұндай құбылыс диссоциация процесін тежеуі мүмкін, себебі аммиактың концентрациясы артқан жағдайда беттік реакциялар баяулап, ыдырау жылдамдығы төмендейді [133, 134].

HTD кезеңі – жоғары температуралық ыдырау:

- Температура көтерілген сайын аммиак десорбцияланады, яғни оның беттік шоғырлануы азаяды.
- Бұл өз кезегінде АП-ның толық ыдырауына жол ашып, нәтижесінде газ тәрізді өнімдер түзіледі (мысалы, N_2, Cl_2, HCl, H_2O).

• Жоғары температуралық аймақтағы бұл процесс энергия бөлудің негізгі көзі болып табылады және жану реакциясының қарқындылығын айтарлықтай күшейтеді.

Катализаторлардың рөлі:

• Бұл процестердің жылдамдығы беткі активтілікке, электрондық конфигурацияға және жылу берілу қабілетіне тәуелді.

• Ti_3C_2 сияқты катализаторлар протон тасымалы мен молекулалардың десорбциясын жеделдету арқылы ыдырау процесін айтарлықтай белсендіреді.

• Катализатордың қосылуы нәтижесінде LTD кезеңінде аммиактың беттік жиналуы жылдам өтеді, ал HTD кезеңінің басталуы да ертерек тіркеліп, АП-ның толық термиялық ыдырауы қысқа уақыт ішінде жүзеге асады.

• Бұл құбылыс энергия бөлу тиімділігін арттырып қана қоймай, жану процесінің тұрақтылығын күшейтеді және материалдың практикалық қолданылу мүмкіндігін кеңейтеді.

Бұл механизм АП негізіндегі материалдарды тиімді термиялық өңдеуде немесе каталитикалық жүйелерде қолдануға ғылыми негіз береді. Сонымен қатар, ол жаңа буын зымыран отындарын әзірлеуде, олардың қауіпсіздік деңгейін арттыруда және энергия тиімділігін жоғарылатуда маңызды рөл атқарады.

9 - кестеде таза аммоний перхлоратының (АП) және Ti_3C_2 (MXene)/АП композитінің термиялық ыдырауына қатысты негізгі кинетикалық параметрлер келтірілген. Бұл параметрлер термиялық талдау нәтижесінде алынған және олардың негізінде катализатордың әсері нақты сипатталады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, таза АП үшін активтену энергиясы (Ea) төмен температуралы ыдырау кезеңінде 101,8 кДж/моль -ге дейін төмендейді. Бұл шаманың төмен болуы, негізінен, аралық өнімдердің түзілуіне оңай жол ашатынын білдіреді және таза АП ыдырауының бастапқы кезеңі әлсіз энергетикалық тосқауылмен жүретінін көрсетеді.

Алайда, Ti_3C_2 (MXene) катализаторы қосылған жағдайда, осы төмен температуралы кезеңде айқын активтену энергиясы 171,5 кДж/моль -ге дейін жоғарылайды. Бұл айтарлықтай өсу Ti_3C_2 катализаторының аралық өнімдердің түзілуін бәсеңдететін немесе олардың тұрақтылығын төмендететін әсерімен түсіндіріледі. Бұл катализатор АП құрылымындағы протонды тасымалдау немесе электрондар ағынын қайта бағыттау арқылы жүйедегі энергия балансына ықпал етіп, аралық өнімдердің түзілу ықтималдығын азайтады деген болжам жасалады.

9 - кесте. АП термиялық ыдырауының параметрлері

Үлгі	Төмен температуралық ыдырау (LTD)			Жоғары температуралық ыдырау (HTD)		
	E_a(кДж/моль)	A($мин^{-1}$)	R	E_a(кДж/моль)	A($мин^{-1}$)	R
АП	101,8±0,5	589×10^5	0,99	200,7±0,6	8×10^9	0,96
2%Ti_3C_2(MXene)/АП	171,5±0,8↑	1×10^{12}	0,99	125±0,7↓	1×10^6	0,95

Керісінше, жоғары температура режимінде жағдай өзгереді. Таза АП-ның активтену энергиясы бұл кезеңде 200,74 кДж/моль - ге дейін артады, бұл ыдыраудың соңғы фазасы үшін жоғары энергетикалық тосқауыл бар екенін білдіреді. Ал Ti_3C_2 (MXene) катализаторының қатысуымен, осы температура диапазонында активтену энергиясы 125 кДж/моль - ге дейін төмендейді. Бұл көрсеткіш шамамен 75 КДж/моль - ге төмендегенін білдіреді, яғни реакция термиялық тұрғыда әлдеқайда жеңіл өтеді. Мұндай өзгеріс Ti_3C_2 (MXene) катализаторының жоғары температуралы ыдырау сатысында өте тиімді жұмыс істейтінін көрсетеді. Ол энергия тосқауылын төмендету арқылы ыдырау процесін белсендіреді, нәтижесінде аммоний перхлораттың жануы тезірек және толығырақ жүзеге асады. Бұл әсіресе жанғыш жүйелерді, жанармай қоспаларын немесе пропелленттерді оңтайландыру кезінде маңызды рөл атқарады.

10-кесте. Киссинджер әдісі бойынша алынған деректерге сәйкес, аммоний перхлоратының (АП) термиялық ыдырауына катализаторлардың (2% мөлшерде) әсері

Үлгілер	Активтену энергиясы (Ea), (кДж/моль)	Ea төмендеу (кДж/моль)	Сілтемесі
АП	~200–230	-	[135]
α-Fe_2O_3/АП	~150–180	~ 50	[136]
CuO/АП	~140–170	~ 60	[137]
MnO_2/АП	~145–175	~ 55	[138]
Ti_3C_2 (MXene) /АП	~125–155	~ 75	Осы жұмыста

Аммоний перхлоратының термиялық ыдырауына катализаторлардың әсерін қарастырғанда, олардың активтену энергиясын төмендету қабілеті негізгі көрсеткіш болып табылады. 10 – кестедегі мәндерге сүйенсек, α-Fe_2O_3 қосылғанда Ea шамамен 50 кДж/моль - ге төмендейді. Бұл катализатор кеңінен қолданылатын, сенімді және қолжетімді материал болғанымен, әсері орташа деңгейде. CuO болса, 2% мөлшерінде Ea-ны 60 кДж/моль - ге дейін төмендетіп, ең күшті әсер көрсететін катализаторлардың қатарына жатады. Бұл оның жоғары каталитикалық белсенділігін және аз мөлшерде қолданғанда да тиімділігін дәлелдейді. MnO_2 қосылғанда Ea шамамен 55 кДж/моль -ге төмендейді, яғни Fe_2O_3-ке қарағанда сәл жоғары, бірақ CuO-дан әлсіздеу. Оның морфологиясы мен қырлары каталитикалық белсенділікті күшейте алады, сондықтан нақты құрылымдық түріне байланысты тиімділігі артуы мүмкін. Ал Ti_3C_2 (MXene) сияқты жаңа буын наноматериалдары ең жоғары әсер көрсетіп отыр: 2% мөлшерінде Ea-ны шамамен 75 кДж/моль - ге дейін төмендетеді. Бұл материалдың наноқұрылымдық қасиеттері электрон тасымалын жеңілдетіп, ыдырау процесін айтарлықтай жылдамдататынын көрсетеді.

Жалпы алғанда, дәстүрлі металл оксидтері (Fe_2O_3, MnO_2) тұрақты әрі сенімді катализаторлар ретінде қолданылады, бірақ олардың әсері орташа деңгейде. CuO салыстырмалы жоғары тиімділік береді, ал Ti_3C_2 (MXene)

сияқты жаңа материалдар болашақта дәстүрлі катализаторларды алмастыруы мүмкін, себебі олар аз концентрацияда да энергия тосқауылын айтарлықтай төмендетеді.


3.3. АП негізіндегі қатты отынның жану кинетикасы

АП - заманауи зымырандық технологияларда кеңінен қолданылатын маңызды тотықтырғыш компоненттердің бірі. Ол, әсіресе, қатты зымыран отындарының (solid propellants) құрамында басты рөл атқарады, себебі АП жану процесіне қажетті оттекті қамтамасыз етіп, отын құрамындағы жанғыш заттардың толық жануына жағдай жасайды. Мұндай тотықтырғыштардың болуы жану жылдамдығы мен жылу бөлудің тұрақтылығын қамтамасыз етеді, бұл зымыран қозғалтқыштарының сенімді жұмыс істеуінде аса маңызды.

Қазіргі таңда қатты отынды қозғалтқыштардың (ҚОҚ) энергетикалық тиімділігі, жалын ұзақтығы мен температуралық профильдері көбіне АП-ның физико-химиялық сипаттамаларына байланысты. Оның жоғары оттек теңгерімі, кристалдық тұрақтылығы және салыстырмалы түрде ұзақ сақтау мерзімі АП-ны отын қоспаларының ішінде ең үнемді және қолайлы тотықтырғышқа айналдырды [107].

Әдетте, отын қоспасының 70–80% -ын АП құрайды. Бұл өте жоғары үлес, және осы арқылы АП зымыран отындары үшін негізгі құрылымдық әрі функционалдық элемент ретінде көрініс табады. Ол тек жану процесін ғана емес, сондай-ақ механикалық және термиялық қасиеттерді де анықтайды. Сонымен қатар, АП-ның өлшемі мен бөлшек морфологиясы отын дәнінің тұтастығы мен жану біртектілігіне тікелей әсер етеді, бұл өз кезегінде ұшу тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Осы себепті АП тек әскери мақсаттағы зымыран жүйелерінде ғана емес, сондай-ақ ғылыми-зерттеу, азаматтық және коммерциялық ғарыштық бағдарламаларда да кеңінен қолданылады.

Қатты зымыран отындарының жану жылдамдығы - бұл жану процесінің динамикасын, яғни отынның жану фронтының прогрессиясын сипаттайтын маңызды параметр, және ол отын жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін, термодинамикалық тұрақтылығын, сондай-ақ жалпы зымыран қозғалтқышының сенімділігін анықтауға тікелей әсер етеді. Бұл көрсеткіш көптеген факторлардың - отынның физикалық-химиялық құрамы, бөлшек өлшемі, байланыстырғыштардың табиғаты мен құрылымы, жану камерасындағы қысым, қоршаған ортаның температурасы және қоспадағы катализаторлардың бар-жоғы нәтижесінде елеулі түрде өзгереді. Әрбір параметр отын жүйесінің термохимиялық теңгерімі мен жану кинетикасына өзіндік әсер етеді, сондықтан да оларды ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеу қажет.



а ә

16 - сурет. Қысымның жану жылдамдығына және температураға әсеретуі

16а - Бұл көрсеткіш жану кезінде пайда болатын газ фазасының түзілу қарқыны мен қысым арасындағы байланысқа тікелей қатысты[139]. Бұл көрсеткіш жану кезінде пайда болатын газ фазасының түзілу қарқыны мен қысым арасындағы байланысқа тікелей қатысты. Қысым экспонентінің мәні жану процесінің тұрақтылығы мен қарқындылығын бағалауда суреттегі графикте көрсетілген қысым мен жану жылдамдығы арасындағы тәуелділікті талдау арқылы қысымның экспоненттік мәнін анықтауға болады. Қысым экспоненті (n) жану процесінің кинетикалық сипаттамаларының бірі болып табылады және ол реакция жылдамдығының қысымға тәуелділігін дәрежелік заңдылық түрінде сипаттайды. маңызды рөл атқарады[140]. Егер n шамасы жоғары болса, онда қысымның артуы жану жылдамдығын айтарлықтай күшейтеді, ал төмен мәндер қысымға тәуелділіктің әлсіздігін көрсетеді. Осылайша, қысым экспоненті жану механизмі мен газ фазасының түзілу ерекшеліктерін сипаттайтын негізгі параметрлердің бірі болып саналады. Газ фазасының түзілуіне катализатордың концентрациясы елеулі әсер етеді. Әсіресе катализатордың ең белсенді мөлшері (оптималды концентрациясы) қысым экспонентінің мәнін максималды түрде өзгертеді. Бұл құбылыс катализатордың беткі қасиеттерімен, электрондық тасымалдау қабілетімен және реакцияға қатысатын аралық өнімдердің тұрақтылығымен байланысты. Нәтижесінде катализатордың белгілі бір концентрациясы жану процесінде газ фазасының түзілуін күшейтіп, қысымға тәуелділікті арттырады[139, 140]. Осы тұрғыдан алғанда, қысым экспонентін анықтау тек кинетикалық сипаттама ғана емес, сонымен қатар катализатордың тиімділігін бағалаудың маңызды құралы болып табылады. Ол жану процесінің термодинамикалық және кинетикалық параметрлерін кешенді түрде түсінуге мүмкіндік береді және катализатордың концентрациясына байланысты газ фазасының түзілу механизмін тереңірек ашып көрсетеді.

Қысым экспонентін есептеу. Қысым экспонентін (n) анықтау үшін тәжірибелік деректер негізінде жану жылдамдығы (ϑ) мен қысым (P) арасындағы тәуелділік қарастырылады. Жалпы түрде бұл тәуелділік дәрежелік заңдылықпен өрнектеледі[141]:

$$\vartheta = KP^n \qquad (1)$$

мұндағы ϑ - жану жылдамдығы, k - жылдамдық константасы, P - қысым, ал n - қысым экспоненті.

Қысым экспонентін есептеу үшін теңдеуді логарифмдеу әдісі қолданылады:

$$\ln \vartheta = \ln k + n \ln P \qquad (2)$$

Мұндағы $\ln \vartheta$ - реакция жылдамдығының логарифмі, $\ln P$ – қысымның логарифмі, ал $\ln k$– сызықты теңдеудің у өсімен қиылысқандағы у-қимасы, бұл пайыздық мөлшерлеме артқан сайын аздап төмендейді, бұл бастапқы мәндердің өзгерісін білдіреді, n - еңкіштік коэффициенті (қысым экспоненті) болып табылады.

11 - кесте. Жану жылдамдығы (ϑ) мен қысымның (P) логарифмделген мәндері

	Lnϑ			
LnP	0%,Ti_3C_2(MXene)	2%,Ti_3C_2(MXene)	3%,Ti_3C_2(MXene)	5%,Ti_3C_2(MXene)
-2,30259	0,336472	0,548121	0,444686	0,398776
0,708036	0,993252	1,280934	1,163151	1,098612
1,398717	1,458615	1,722767	1,629241	1,547563
1,805005	1,722776	2,014903	1,902108	1,84055

11 - кестеде келтірілген логарифмдік мәндерге сәйкес әр пайыздық мөлшерлемедегі $\ln P$ мәндерін х өсіне, $\ln \vartheta$ мәндерін у өсіне орналастырғанда пайда болған графиктен сызықтық теңдеуді алуға болады.

Жоғарғы кестеде келтірілген логарифмдік мәндерге сәйкес әр пайыздық мөлшерлемедегі $\ln P$ мәндерін х өсіне, ал $\ln \vartheta$ мәндерін у өсіне орналастырғанда, алынған нүктелерді қосу арқылы график тұрғызылады. Осы графиктен сызықтық теңдеуді алуға болады, мұндағы еңкіштік коэффициенті қысым экспонентін n сипаттайды, ал у-қимасы реакция жылдамдығының константасының логарифмі lnk болып табылады.

Бұл әдіс қысым экспонентін анықтаудың ең қолайлы тәсілдерінің бірі болып саналады, себебі ол тәжірибелік деректерді тікелей қолдануға мүмкіндік береді. Қысым экспонентінің мәні жану процесінің тұрақтылығы мен қарқындылығын сипаттайды. Жоғары мәндер қысымның артуы жану жылдамдығын айтарлықтай күшейтетінін көрсетсе, төмен мәндер қысымға тәуелділіктің әлсіздігін білдіреді. Сонымен қатар, газ фазасының түзілуіне катализатордың концентрациясы елеулі әсер етеді. Катализатордың ең белсенді мөлшері қысым экспонентінің мәнін максималды түрде өзгертеді, бұл жану процесінде газ фазасының түзілуін күшейтіп, қысымға тәуелділікті

арттырады. Осылайша, қысым экспонентін есептеу жану кинетикасын терең түсінуге, катализатордың тиімділігін бағалауға және процестің термодинамикалық тұрақтылығын сипаттауға мүмкіндік береді.

12 - кесте. LnP пен Lnϑ арасындағы сызықтық байланыс көрсеткіштері (Ti_3C_2 (MXene) концентрациясы бойынша)

Концентрация	Қысым экспоненті	y-қимасы	Анықтау коэффициенті (R^2)
0%	0.31	1.0	0.93
2%	0.33	1.26	0.94
3%	0.33	1.15	0.94
5%	0.32	1.09	0.94

Қысым экспоненті n барлық концентрацияда 0.31–0.33 аралығында(12 – кесте), бұл жану жылдамдығының қысымға төмен–орташа сезімтал екенін білдіреді. Катализаторсыз жағдайда (0%) n=0.31 болып, қысымға тәуелділік әлсіз сипатта байқалады. Ал 2% (0.33) және 3% (0.33) концентрацияларында қысым экспоненті ең жоғары мәндерге жетіп, қысымның жану жылдамдығына әсері күшейеді. 5% деңгейінде n=0.32 орташа мәнге ие болып, әсердің қанығуы байқалады. Жалпы, n мәндерінің аз ауытқуы қысымға тәуелді механизмнің тұрақтылығын көрсетеді. Практикалық тұрғыдан катализатордың оптималды мөлшері 2–3% болып табылады, себебі бұл диапазонда қысым әсері ең жоғары байқалады, ал жоғары концентрациялар белгілі бір деңгейде әсер еткенімен, тиімділігі төмендеу. Осылайша, катализатордың қосылуы қысым экспонентін арттырып, жану процесінің қысымға сезімталдығын күшейтеді, ал оның мөлшерін дұрыс таңдау процестің кинетикалық сипаттамаларын басқаруда шешуші рөл атқарады.

16ə – суретте көрсеткендей, қысым артқан сайын жану кезінде бөлінетін температура өседі. Қисықтар катализатордың әртүрлі концентрациясын бейнелейді: 0% жағдайда температура ең төмен, ал 2% деңгейінде ең жоғары мәнге жетеді, 3% және 5% концентрацияларында аралық нәтижелер байқалады. Бұл құбылыс Ti_3C_2 (MXene) катализаторының газ фазасында түзілетін өнімдердің мөлшері мен түріне әсер ететінін дәлелдейді. Катализатор қосылғанда газ фазасының түзілуі күшейіп, жану кезінде бөлінетін жылу артады, ал қысым осы пайда болған газ фазасына ықпал етіп, олардың реакцияға қатысуын және жылу бөлінуін үдетеді. Нәтижесінде катализатор концентрациясы қысым экспонентін арттырып, жану процесінің қысымға сезімталдығын күшейтеді, ал қысым газ фазасының түзілу қарқыны мен құрамына әсер етіп, температураның өсуін қамтамасыз етеді.

- 16а - сурет бұл құбылысты нақты иллюстрациялайды: қысым өскен сайын жану бетінің кеңеюі жану жылдамдығын арттырады. Дегенмен катализатор мөлшерінің шамадан тыс артуы (3% және 5%) тиімділікке кері әсер етуі мүмкін, себебі катализатор бөлшектері арасында агломерация жүріп, белсенді беттік аудан азаяды.

Қатты зымыран отындарының энергетикалық деңгейі бұл зымыран қозғалтқышының жұмыс өнімділігіне және оның ұшу тиімділігіне тікелей әсер ететін шешуші сипаттамалардың бірі болып табылады. Энергия деңгейінің артуы жану процесі барысында бөлінетін жылу мөлшерінің көбеюіне алып келеді, ал бұл өз кезегінде жану камерасындағы қысым мен температураны айтарлықтай жоғарылатады. Мұндай термодинамикалық өзгерістер отынның жану жылдамдығын арттыруға, жану процесінің толықтығы мен реакцияның аяқталу дәрежесіне оң әсер етеді. Нәтижесінде, зымыран жүйесі жоғары биіктікке көтерілу, үлкен жүктемені тасымалдау немесе ұшу ауқымын кеңейту сияқты сипаттамаларға бейімделе түседі және қажетті миссиялық көрсеткіштерге қол жеткізеді [142].

Жану температурасының артуына қысым әсері. 16ә - сурет деректері негізінде анықталғандай, жану қоспасының энергия деңгейі 4-6 МПа қысым диапазонында тұрақты түрде жоғарылайтыны байқалды. Бұл құбылыс жану аймағында молекулалар арасындағы реакциялық өзара әрекеттесудің күшеюі, яғни химиялық реакция жылдамдығы мен термиялық энергияның берілу қарқындылығы артуымен түсіндіріледі. Қысым артқан сайын бөлшектердің соқтығысу жиілігі де артады, бұл олардың арасындағы энергия тасымалдаудың тиімділігін жақсартады. Нәтижесінде, жану кезінде жүретін химиялық реакциялар әлдеқайда шапшаң және жоғары дәрежеде толық іске асады, бұл өз кезегінде қозғалтқыштың ішкі тиімділігін арттырады.

Жану температурасына катализатор әсері. Жүргізілген зерттеу шеңберінде композиттік қатты зымыран отынына Ti_3C_2 (MXene) катализаторының әртүрлі массалық үлестері (0–5%) қосылып, олардың жану энергиясы мен температуралық әсері тәжірибелік түрде бағаланды. Бұл сынақтар нәтижесінде келесі маңызды байқаулар тіркелді:

- Катализатор мөлшері 2% болған үлгі қысымның төрт түрлы жағдайындада , жану температурасы 150°C -250 °C-қа дейін жоғарылағаны тіркелді, бұл жылу шығуының артуын дәлелдейді;

- Мұндай температуралық өсу катализатордың жану процесін жеделдетуге қабілетті екенін және реакциялық энтальпияның босап шығу тиімділігін айғақтайды;


- Сонымен қатар, қысым артқан сайын отынның жану температурасы да артады, ал жану ұзақтығы қысқарады, бұл өз кезегінде меншікті импульстің ұлғаюына және зымыран қозғалтқышының пайдалы әсер коэффициентінің жақсаруына алып келеді.

Жану жылдамдығы және бөлінген жоғары температураның өзгерісі. қысым мәндері мен катализатор мөлшерінің өзгеруіне байланысты жану жылдамдығы мен максималды жылу бөлінуінің нақты сандық деректері ұсынылған. Бұл кесте нақты жобалық міндеттерге байланысты катализатордың оңтайлы концентрациясын таңдауға және әртүрлі қысым жағдайларына бейімделген отын қоспаларын тиімді түрде жобалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай деректер реакциялық жүйелердің энергетикалық сипаттамаларын алдын ала болжауға және зымыран қозғалтқышының термодинамикалық үлгісін жетілдіруге ғылыми негіз

қалыптастырады. Бұл зерттеу қатты зымыран отынының тек жану жылдамдығын ғана емес, сонымен бірге жану кезінде бөлінетін жалпы жылу энергиясын да кешенді түрде өлшей отырып, отынның энергетикалық тиімділігіне баға береді. Мұндай тәсіл тек материалдық құрамды бағалау ғана емес, сонымен қатар реалистік ұшу шарттарындағы қозғалтқыш жұмысын болжауға мүмкіндік береді.

3.4. АП негізіндегі қатты зымыран отынының каталитикалық жану механизмі

Жүргізілген тәжірибелер мен алынған нәтижелерді ескере отырып, катализатордың массалық үлесі бойынша ең тиімді шаманың 2% екені анықталды. Бұл мөлшер жану жылдамдығы мен жану энергиясының тепе-тең артуын қамтамасыз етіп, зымыран отынының термохимиялық қасиеттерін оңтайландырады. Атап айтқанда, 17 - сурет мәліметтері бұл тұжырымды нақты растайды: камера ішіндегі қысым артқан сайын жану аймағының беті де ұлғайып, отын молекулаларының реакцияға түсу мүмкіндігі артады. Бұл құбылыс жану жылдамдығының едәуір үдеуімен қатар жүреді.



17 - сурет. Жоғары қысымды құрылғыдағы композиттік қатты отынның жануы

Сонымен қатар, жану камерасындағы жоғары қысыммен қатар катализатордың тиімді концентрациясы (2%) қосылған кезде композиттік қатты отынның жануға деген қабілеті айтарлықтай жақсарады. Катализатор реакция жылдамдығын арттырып қана қоймай, бөлінетін энергия мөлшерін де ұлғайтады. Бұл - зымыран отынының тиімділігіне тікелей әсер ететін маңызды фактор.

Осының нәтижесінде:

- Жану жылдамдығы айтарлықтай ұлғаяды, бұл қозғалтқыш камерасындағы қысымды тұрақты түрде ұстап тұруға көмектеседі;
- Жоғары энергия бөлу зымыранның көтерілу фазасында көбірек серпін береді;
- Меншікті импульс артып, қозғалтқыштың жалпы өнімділігі жоғарылайды.

Сөйтіп, жанудың қарқындылығы мен жылу шығымының артуы, өз кезегінде, зымыран қозғалтқышының жұмыс жағдайларын елеулі түрде жақсартады [143]. Бұл қорытындылар катализаторларды қатты отын құрамына мақсатты түрде енгізудің ғылыми негізін қалап, болашақта жоғары өнімді зымыран жүйелерін жасауға жол ашады. Жоғары қысымды камерада, Ti_3C_2 (MXene)/АП композиттік отынының жануынан кейінгі түзілген қатты өнімдер зерттелді.

Бұл мақсатта РФА (рентген флуоресцентті анализ) әдісі қолданылып, нәтижелері 18 және 19 - суреттерде келтірілген. Талдау нәтижелері жану барысында отын құрамындағы катализатор - Ti_3C_2 (MXene) - термохимиялық процестерге белсенді араласып, жаңа фазалық құрылымдағы бейорганикалық қосылыстардың түзілуіне ықпал ететінін көрсетті.

Атап айтқанда, РФА мәліметтері негізінде жану кезінде келесі қосылыстардың түзілуі расталды:


- TiO_2 (титан диоксиді) - жоғары температурада тотығу нәтижесінде түзілетін, термиялық тұрақты қосылыс.
- TiN (титан нитриді) - азот құрамды газдармен (мысалы, NH_3 немесе NO) әрекеттесу нәтижесінде қалыптасады.
- TiC (титан карбиді) - титан мен көміртек арасындағы әрекеттесудің өнімі, жоғары қаттылық пен жылуға төзімділікке ие.

Бұл қосылыстардың түзілуі Ti_3C_2 (MXene) катализаторының жану процесіне тікелей қатысатынын, әрі жану ортасында химиялық тұрғыдан белсенді екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, олардың түзілуі жанудың энергетикалық тиімділігіне оң әсер етеді, себебі бұл реакциялар экзотермиялық сипатқа ие, яғни қосымша жылу бөледі және жану жылдамдығын арттырады. Сондай-ақ, жану нәтижесіндегі мұндай фазалардың қалыптасуы катализатордың өзгеріске ұшырауы және жаңаша құрылымдарға айналуы арқылы жүретінін байқалады. Бұл құбылыстар отын қоспасының термохимиялық сипаттамасын жақсартуға, сондай-ақ жану процесін басқаруға мүмкіндік береді [144].

Аталған TiN, TiO_2, TiC секілді қатты өнімдердің түзілуі (АП) термиялық ыдырауы кезінде пайда болатын реакциялық ортаның жоғары температурасы

және белсенді газдық компоненттерімен тығыз байланысты. Жанудағы мұндай термохимиялық жағдайлар катализатордың Ti_3C_2(MXene) белсенді түрлерге айналып, жану процесіне тікелей араласуына мүмкіндік береді.

АП ыдыраған кезде бөлінетін оттегі, азот, су буы және түрлі газ тәрізді өнімдер Ti_3C_2 -нің құрамындағы титан және көміртекпен әрекеттесе отырып, жоғары температуралы бейорганикалық фазаларды - TiN, TiC және TiO_2 түзеді.



18 - сурет. Үлгілердің жану өнімдерінің рентгенфазалық талдауы (0.1 МПа).

Бұл процесті түсіндіру үшін АП термиялық ыдырау механизмі келесі аспектілермен сипатталады:

- Активтену энергиясының жоғары болуы салдарынан, АП молекуласын ыдырату үшін елеулі сыртқы жылу энергиясы қажет.

- Ыдырау процесі бастапқыда 200 - 250 °C температура аралығында басталғанымен, толық және қарқынды ыдырау үшін 300 - 350 °C немесе одан да жоғары температура қажет болуы мүмкін.


- Жоғары температурада оттегі молекулалары титанмен (Ti) әрекеттесіп TiO_2 (титан диоксидін) түзеді, ал азотты компоненттермен (мысалы, NH_3, NO)

әрекеттесу арқылы TiN (титан нитриді), және Ti_3C_2 -нің өзіндегі көміртекпен әрекеттесіп TiC (титан карбиді) түзіледі.

Мұндай реакциялар термодинамикалық жағынан экзотермиялық сипатта болуы мүмкін, сондықтан олар жану процесіне қосымша жылу береді, әрі катализатордың белсенді фазаларын тұрақтандырып, жану жылдамдығы мен тиімділігін арттырады.

Осылайша, РФА әдісімен анықталған қатты қалдық өнімдер АП-ның термиялық ыдырауынан кейінгі реакциялық ортаның табиғатын айқындап, Ti_3C_2 катализаторының трансформацияға ұшырағанын және отынның жануына белсенді үлес қосқанын көрсетеді.

18 – суретте қысымды камерада 0.1 МПа қысымда орналасқан Ti_3C_2 (MXene)/АП композиттік отын үлгісіне, қыздырғыш спираль арқылы берілетін температураның әсерінен Ti_3C_2 катализаторы аммоний перхлораттың (АП) бастапқы термиялық ыдырауы кезінде түзілетін аралық өнім хлор қышқылы ($HClO_4$) молекуласының әрі қарай ыдырау реакциясын белсенді түрде катализдейді. $HClO_4$ термиялық ыдырау процесі барысында елеулі мөлшерде жылу бөлініп, H_2O, O_2, ClO және Cl_2 сияқты белсенді газ фазалы компоненттер түзіледі.



19 - сурет. Үлгілердің жану өнімдерінің рентгенфазалық талдауы (4 МПа).

Бұл өнімдердің пайда болуы жану ортасын айтарлықтай белсенділендіріп, реакция аймағындағы температураны едәуір арттырады. Температураның артуы жоғары температураны талап ететін, Ti_3C_2 (MXene) мен O_2 (оттегі) арасындағы күрделі тотығу-тотықсыздану реакциясының жүруіне себеп болады. Бұл реакция нәтижесінде, 18 - суреттегі РФА нәтижелері көрсеткендей, TiO_2 (титан диоксиді) және TiC (титан карбиді) сияқты қатты фазалы өнімдер түзіледі. Бұл түзілген фазалар жану процесінің тиімділігін арттыруға және отын жүйесінің термиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосады.

Камерадағы қысым деңгейі арттырылған жағдайда түзілетін газ бөлшектерінің тиімді соқтығысу жиілігі артып, реакциялардың жылдам жүруіне қолайлы орта қалыптасады. Мұндай жағдайда газ фазасындағы молекулалар мен радикалдар арасындағы әрекеттесу ықтималдығы жоғарылап, химиялық процестердің белсендігі едәуір артады. Нәтижесінде бөлінетін жылу көлемі максималды мәнге жетіп, реакциялық аймақтағы температура жоғары деңгейде тұрақтанады. Осы температуралық жағдайда TiO_2 және TiC фазалық өнімдері ішнара NH_3 молекуласымен өзара әрекеттесіп, күрделі тотығу-тотықсыздану реакциясын іске қосады. Бұл өз кезегінде 19-суреттегі РФА нәтижелері көрсеткендей, TiN тәрізді қатты фазалы өнімдердің түзілуіне алып келеді. Түзілген титан нитриді (TiN) каталитикалық белсенді зат болып реакцияның жүруіне оң әсер етеді.

Композиттік қатты отындағы АП - ның Ti_3C_2 (MXene) қатысындағы жануының болжанлды химизмі.

$$NH4ClO_4 \rightarrow HClO_4 + NH_3 \quad (1)$$

$$4HClO_4 \xrightarrow{Ti_3C_2} 2H_2O + 6O_2 + 2ClO + Cl_2 \quad (2)$$

Бөлінген жылудың есебінен м Ti_3C_2 (MXene) - нің тотығуы

$$Ti_3C_2 + 3O_2 \rightarrow 2TiO_2 + TiC + CO_2 \quad (2a)$$

Түзілген өнімдер ($Ti O_2$, TiC), бастапқы Ti_3C_2 (MXene) сиақты $HClO_4$ ыдырауын катализдейді

$$4HClO_4 \xrightarrow{TiO_2,TiC} 2H_2O + 6O_2 + 2ClO + Cl_2 \ldots \quad (2б)$$

$$5NH_3 + 5ClO + O_2 + TiO_2 \xrightarrow{TiC} N_2 + 2NO_2 + 5HCl + 5H_2O + TiN \quad (3)$$

Жоғары температурада TiO_2, TiC және аммиак (NH_3) ішінара әрекеттеседі

$$6NH_3 + 2TiO_2 + TiC \rightarrow N_2 + NO_2 + 9H_2 + 3TiN + CO_2 \quad (3a)$$

Ti_3C_2 (MXene) - нің Ti_3C_2 (MXene)/АП композиттеріндегі жану процесіне әсер ету механизмі - зымыран отындарының жану кинетикасын жетілдіру жолындағы маңызды зерттеу нысаны болып отыр. Бұл бағытта көптеген зерттеушілер АП-ның термиялық ыдырауы протон тасымалдау механизміне негізделетінін мойындаған. Осы жұмыста ұсынылып отырған ықтимал реакциялық механизм дәл осы негізге сүйеніп, алынған эксперименттік нәтижелерге негізделіп сипатталған [145].

18 - сурет мәліметтері бойынша, жану процесінің алғашқы кезеңінде NH_3–H–ClO_4 молекулалық кешені түзіледі. Бұл кешен протонның аммоний ионы (NH_4^+) мен перхлорат ионы (ClO_4^-) арасындағы ауысуы арқылы ыдырап, нәтижесінде аммиак (NH_3) және хлор қышқылы ($HClO_4$) түзіледі. Бұл бастапқы ыдырау - жану процестері басталуы үшін қажетті кезең және ол Ti_3C_2 (MXene) катализаторының қатысуымен елеулі өзгеріске ұшырайды.

Зерттеулер көрсеткендей, Ti_3C_2 (MXene) мен $HClO_4$ арасында тотығу–тотықсыздану реакциясы жүреді. Бұл процестің нәтижесінде TiOx/C түріндегі нано парақ құрылымдар пайда болады. Бұл аралық өнімдер өз кезегінде жанудың әрі қарай жүруіне белсенді ықпал етеді. Бұдан басқа, көміртек өнімдері (Ti_3C_2 ыдырауынан бөлінген) аммоний иондары немесе NH_3 молекулаларымен әрекеттесе отырып, N^{-5} типті азотпен легирленген белсенді орталар түзеді. Бұл орталар протон тасымалдау орындары ретінде әрекет етіп, NH_3–H–ClO_4 кешенінің ыдырауын жеделдетеді. Бұл Ti_3C_2 (MXene) катализаторының тек жылу тасығыш немесе пассивті тотығу құралы ғана емес, сонымен қатар молекулалық деңгейде реакциялық белсенді орталықтар түзуші екенін көрсетеді.

Температура мен адсорбция әсері. АП-ның бастапқы ыдырауынан кейін NH_3 пен $HClO_4$ арасындағы өзара әрекеттесу жану бетінде адсорбцияланған молекулалар немесе газ фазасында жүруі мүмкін. Бұл процестің жүзеге асу сипаты температураға, сублимация жылдамдығына және катализатордың бар-жоғына тәуелді. Кейбір зерттеушілердің пікірінше [146], $HClO_4$ NH_3-ке қарағанда беттен тезірек сублимацияланады, сондықтан бет NH_3 молекулаларымен қаныққан күйде болады және бұл катализаторсыз жүйелерде төмен температурада ыдыраудың тежелуіне себеп болады. Бұл тұрғыда $HClO_4$-тің жоғалып кетуі процестің үзілуіне әкелуі мүмкін. Алайда, осы жұмыстағы TG талдау деректері жану температурасы 450 - 480 °C аралығында болғанда $HClO_4$ ыдырау өнімдерінің (O_2, O, CO, CO_2, HCl) ғана анықталғанын көрсетті. Бұл $HClO_4$ NH_3-ке қарағанда термиялық тұрғыдан тұрақты екенін дәлелдейді.

Нәтижесінде, жоғары температуралы ыдыраудың (HTD) тоқталуына себеп болатын негізгі фактор NH_3, $HClO_4$ емес екенін дәлелдейтін қосымша дәлелдер алынды. Бұл байқау реакциялық тізбекті нақтылау мен жану барысын тиімді басқару үшін үлкен маңызға ие.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Ti_3AlC_2 (MAX) фазасынан алынған Ti_3C_2 (MXene) көп қабатты наноқұрылымға ие, бұл оның жоғары каталитикалық белсенділік көрсетуіне негіз болады. Құрылымдық ерекшеліктері – беткі функционалдық топтар мен электрон тасымалдау қабілеті – оны перспективалы катализатор ретінде сипаттайды.
2. Аммоний перхлоратының термиялық ыдырау нәтижелері Ti_3C_2 катализаторының тиімділігін нақты көрсетті: 2% массалық үлесте қосылғанда, Киссинджер әдісі бойынша есептелген активтену энергиясы ~75 кДж/моль-ге дейін төмендеді, бұл ыдырау процесінің басталу температурасын айтарлықтай азайтады және реакцияны жеңілдетеді.
3. Қатты зымыран отыны жану кезінде, Ti_3C_2 жоғары температуралы реакциялық аймақта аммоний перхлоратының ыдырау өнімдерімен әрекеттесіп, TiO_2, TiC және TiN сияқты каталитикалық белсенді қосылыстар түзеді. Бұл процестер жану ортасын тұрақтандырып, реакцияны тереңдетеді.
4. Катализатордың қатысуымен, қатты отынның жану жылдамдығы 1,5–2 мм/с-ке артты, ал бөлінген жылу 150–250 °C-қа жоғарылады. Мұндай өзгерістер жану тиімділігін арттырып қана қоймай, зымыран қозғалтқышының тарту күшін едәуір күшейтеді. Осылайша, Ti_3C_2 катализаторы зымыран технологиясын жетілдіруде жоғары әлеуетке ие.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Bircumshaw, L. L.; Newman, B. H. The thermal decomposition of ammonium perchlorate – I. Introduction, experimental, analysis of gaseous products, and thermal decomposition experiments. // Proceedings of the Royal Society of London. Series A, Mathematical and Physical Sciences. Volume 227, pages 115–132, (1954). doi:10.1098/rspa.1954.0284
2. Hortelano, C.; Ruiz-Bermejo, M.; de la Fuente, J. L. Thermal behavior and decomposition mechanism of ammonium perchlorate in the presence of C–N conjugated polymers based on diaminomaleonitrile. // Journal of Thermal Analysis and Calorimetry. Volume 149, pages 2843–2855, (2024). doi:10.1007/s10973-023-12871-1
